

№3 мамыр 2021 (28)

ЗИАТ



**Жаксы адам ғана
жаксы ұстаз бола алады...**



Редактор бағаны

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050»: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында: «Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы» деп, халқымызды алда күтіп тұрған асқар асуларды, төтенше маңызды мақсат-міндеттерді атап көрсетіп берген еді. Осы Жолдауда Қазақстан Республикасындағы білім беру мәселесін айрықша атап көрсетіп (Қазақстан жолы – 2050. 4 бағыт. БІЛІМ ЖӘНЕ КӘСІБИ МАШЫҚ - ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ, КАДР ДАЯРЛАУ МЕН ҚАЙТА ДАЯРЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒДАРЫ/Біздің жұмыстарымыздың білім беру саласындағы басымдықтары), бұл салаға жаңашылдық енгізіп, түрліше реформалауды баса айтып көрсеткен.

Кез-келген мемлекеттің болашағы оның білім және ғылым деңгейінің қаншалықты дамуына тікелей байланысты. «Ел болам десең - бесігіңді түзе» деп ұлы Мұхаң айтқандай, осы күні өсіп-жетіліп келе жатқан жас жеткіншектерге, оқушылар мен студенттерге білім берудің соңы тәсілдерін қолданып, олардың қоғамда толық азамат болып қалыптасуына ықпал ете білу керектігі күн тәртібінен түспеген мәселе.

Осы орайда «ZIAT» ғылыми-әдістемелік орталығы» ЖШС 2016 жылдың мамыр айынан бастап шығаратын «ZIAT» ғылыми-әдістемелік журналы білім беру және ғылым кеңістігіндегі инновациялық жаңалықтарды және педагогтар, студенттер, оқушылар мен мектепке дейінгі жастағы бүлдіршіндердің ғылым-танымдық еңбектерін жариялап отырмақ. Журналдың негізгі міндеті: оқушылар, студенттер және ұстаздардың түрлі тақырып бойынша жазған еңбектерін көпшілік назарына ұсыну, мұғалімдерге білікті педагог ретінде қалыптасуға жәрдемдесу, ғылымдағы әр деңгейдің арасында қарым-қатынасты нығайтуға әрекет ету. Журнал мектепке дейінгі мекемелерден бастап жоғары оқу орындарына дейінгі аралықтағы мәселелерді қамтиды.

ZIAT Ғылыми-әдістемелік журнал Научно-методический журнал

**№3 (28)
май 2021**

Құрылтайшы/Учредитель

"ZIAT" Ғылыми-әдістемелік орталығы
Научно-методический центр "ZIAT"

"ZIAT" журналы 2016 жылы 25 мамырда
Қазақстан Республикасы Мәдениет және
Ақпарат министрлігінде тіркеліп,
№16000-Ж куәлігі берілген.

Журнал "ZIAT"

зарегистрирован 25 мая 2016г
в министерстве Культуры и информации
Республики Казахстан и выдано
свидетельство №16000-Ж.
ISSN: 2617-1937

Журнал Қазақстан Республикасының
мерзімді баспасөз тізіміне енгізілген.

МББ индексі 74926.

Журнал включен в список
периодических изданий
Республики Казахстан.

Индекс ППИ 74926.

Шығу жиілігі: Жылына 6 рет шығады
Мақалалар қазақ, орыс, ағылшын
тілдерінде басылады.

Периодичность:

Выходит 6 раз в год,

материалы публикуются на
казахском, русском, английском языках.

Адрес редакции:

010000

г.Нур-Султан,
ул. Иманова 50

Е-mail:

ziat.journal@mail.ru

Сайт:

www.centeroir.kz

Журналды редакциядан
сатып алуға болады.
Жазыламын деушілер
жоғарыдағы мекен-жайға
хабарласа алады.

Таралымы/Тираж
1000

Редактор/ редактор:

Сергазина А.К.

Редактор орынбасары/Зам.редактора

Идрисов Б.Ш.

Беттеуші-дизайнер/Дизайн, верстка

Кимашева Г.Е.

Редакциялық алқа/Редакционный совет:

Жұманова Б.Қ. – ""ZIAT" ҒӨО-ғы" ЖШС директоры

Урынбасарова Э.А. – п.ғ.д., профессор

Орынбаев А. А. – п.ғ.к.,

ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері,

ҚазҰЖҒА корреспондент-мүшесі

Төрекұлова Д. М. – э.ғ.д., профессор,

ҚазҚЭЖХСУ "Менеджмент" кафедрасының меңгерушісі

Төрекұлова Ә. Н. – PhD докторы,

""ZIAT" ҒӨО-ғы" ЖШС ғылыми қызметкері

Ұмбетпаева С. К. – жоғары категориялы ұстаз,
РФ-ның еңбек сіңірген қызметкері, Ресей құрметті ұстазы

Баймағамбет О.А. – педагог-әдіскер

Жуманова Б.К. – директор ТОО "НМЦ "ZIAT""

Урунбасарова Э.А – д.п.н., профессор

Орынбаев А. А. – к.п.н.,

Почетный работник образования РК,

член-корреспондент КазНАЕН РК

Турекулова Д.М – д.э.н., профессор,

зав. кафедрой "Менеджмент" КазУЭФимТ

Турекулова А.Н - доктор PhD,

научный сотрудник ТОО "НМЦ "ZIAT""

Умбетпаева С.К – учитель высшей категории,
Заслуженный работник РФ, Почетный учитель России

Баймағамбет О.А – педагог - методист

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Жақсы адам ғана жақсы ұстаз бола алады.....	4
Өнерді өміріне мұрат еткен әнші!.....	6

Педагогикалық тәжірибе/Педагогический опыт

Байғалиева Г.А., Развлечение по опытно-экспериментальной деятельности по теме «Путешествие в мир опытов».....	8
Жолекенова М.С., Менің отбасым.....	10
Қалық А.Т., Газбен дәнекерлеу тәртібі мен технологиясы.....	12
Сугирбаева З.Н., Геометриялық фигуралар.....	23
Ускенова А.А., Абай-біздің бабамыз.....	24
Куниязова К., Расул Гамзатов «Журавли».....	27

Ғылыми ізденістер/Научное обозрение

Армиева Ж.Ф., Создание условия для саморазвития и самореализации личности и его успешной социализации.....	32
Ернебаева Х.А., Оразбай А.Н., Қашықтан оқыту процесінде заманауи ақпараттық технологияны қолдану.....	34
Әшімхан А., Қазақстандағы білім жүйесі.....	36
Майлыбаев М.А., Қашықтықтан оқытудың тиімділігі.....	38
Микибаева А.К., Проблемалық оқыту технологиясы арқылы бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары.....	39



Жақсы адам ғана жақсы ұстаз бола алады...



Мұғалім – мамандық болса, ұстаздық адам бойындағы ұлы қасиет. Ұстаз мәртебесінің артуы ең алдымен ұстаз деген есімге қаншалықты лайық болуына байланысты. Бүгінгі жаңа дәуірдің, жаңарған білімнің мұғалімге қояр талабының жүгі ауыр, олар үлгі боларлық бар жақсылық атаулының ең биігінен көрінуі тиіс. «Жақсы адам – Алланың нұры» дейді. Жақсылық атаулыны ішкі жан дүниесімен қабылдап, өз бойындағы сезімді, берік қалыптасқан көзқарасты оқушы бойына дарыта білетін, өз бойындағы жасампаздық пен шығармашылық, өз-өзіне сенімділік пен сабырлылық, табандылық пен төзімдік сияқты мінез-құлық ерекшеліктерімен, сондай-ақ өзгелерге қолдау көрсете білетін, жылы жүрегімен жақсылық сәулесін шашып, мейірім шуағын төгіп тұратын ұстаздың бірі – Божаква Гуляйраз Сейтуовна. 1956 жылдың 13 сәуірінде дүние есігін ашты.

Мұғалім болуды керемет арман еткен, бүгінгі таңда еңбегімен ел арасында, шәкірт махаббатына бөленген тәжірибелі маман, ардагер ұстаз, білікті физика-математика пәнінің мұғалімі.

“Ұстаз болып еңбек жолын бастадым,

Ұлы жолда еңбек етті жас жаным.

Бар арманым ұрпақ үшін тер төгу,

Бір сол үшін қиындықтан қашпадым...” деп жүрген Гуляйраз Божакваға- ұстаздық жолда 40 жыл. 1977 жылы Қостанай педагогикалық институтын физик мамандығы бойынша бітірді. Ол Краснознаменск орта мектебінде 1977-1981 жылдар аралығында физика-математика мұғалімі болып жұмыс істеді, ал 1981 жылы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. Қараоба ауылының орта мектебінде 30 жастан бастап директорлық қызметте жұмыс атқарды.

Бақытым-мамандығым, байлығым – балаларым, бала тәрбиесі деп білген, ойы биік, сөзі де, ісі де ірі, жаны мен қолы бірдей таза, кішілік пен кісіліктен жаралған, періште пейілді, тұғыры биік жан білім беру саласында қарапайым мұғалімнен басшылық қызметтің әртүрлі салаларында мамандығына деген сүйіспеншілігі, ерекше құрметі бойына қуат, жанына жігер берді. Кез-келген істе тәуекелге бара алуы, өзіне тапсырылған жауапкершілікті ала отырып, оны ұйымдастыра білуі оның іскерлік жетістіктерін шыңдай түсті. Божаква Гуляйраз Сейтуовна– барды бағалап, айналасындағы жандармен қарым-қатынасында да жоғары адамгершілік көрсете білетін, өз жұмысына, бала тәрбиесіне жаны ашып, асқан жауапкершілікпен қарай білетін, адал да шынайы, өз ісіне жауапты ұстаздардың бірі.

Шәкірт бойындағы табиғи дарын ұшқындарын сөндіріп алмай, шығармашылық еңбек үстінде оған қанат бітіру, білімге шексіз құштарлық дәнін себу – ұстаз қызметінің тағлымды өлшемі, ізденіс нәтижесі. Өйткені, қай ұстаз болсын оқушының жан дүниесін, психологиялық ерекшеліктерін терең зерделеу үстінде оқыту процесінің диалектикалық сипатын салауатпен саралауға, сөйтіп парасатты педагогика практикасын меңгеруге қол жеткізеді. Ұстаздық дарын үздіксіз ізденіс көрігінде шыңдалса ғана, мәуелі табыс тезірек тұлғаланбақ, оқушы санасында ұстаз қалдырған із ұзақ сақталмақ.



Қараоба мектебі Сарыкөл аймағындағы ең жақсы мектептердің алды болды. Ыбырай Алтынсариннің 150 жылдығына арналған іс-шаралар өткізілді. Академик О.М. Сұлтанғазин және басқа да еліміздің көрнекті қайраткерлері, Ілияс Омаровтың 80 жылдығына орай мектепте мәдениет қайраткерін еске алуға арналған мемориалды тақта орнатылды. 1994 жылдан бастап ол облыстық мұғалімдерді жетілдіру институтында физика кабинетінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. Сондай-ақ, білім берудегі жетістіктері үшін құрмет грамотасымен марапатталды. 1998 жылы Қостанай қаласындағы №1 кешкі мектептің директоры болып жұмыс істеді. 2002 жылдан 2006 жылға дейін қалада алғашқылардың бірі болып, әлеуметтік педагог болып та жұмыс істеген. 2006 жылдан бастап директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. Қостанай облысынан қатысқан 5 мектептің ішіндегі №9 орта мектебінің базасында «TIMS» бүкіл әлемдік зерттеуді өткізген бірінші координатор маманы болды. 2010 жылы «Қостанай қаласындағы көмекке зәру балаларға арналған “интернат үйдің” ММ директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеді.

Оқу орынбасары болып қызмет істеген жылдары баланың құқығын қорғау бойынша республикалық семинар өткізілді. «ZIAT» республикалық ғылыми-әдістемелік орталығында оқытушылар мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының сарапшысы болып қызмет жасады. 40 жылдық еңбек өтілі педагогикалық қызметке арналды, қай жерде жұмыс істемесе де, ол өзін сарқылмас жігері мен кәсібилігіне сай жұмыс істеуге берді, қоғамдық өмірге белсенді қатысты. КОКП партиясының мүшесі, «НұрОтан» партиясының мүшесі, бастауыш ұйымның төрағасы болған. Елбасымыздан сайлауалды науқанды қолдағаны үшін алғыс хаты бар. Республикамыздың Тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің өркендеуіне үлес қосты. Мерейтойлық күнге (65 жасқа) толуына байланысты, педагогикадағы көп жылғы еңбегі үшін атап өтуге әбден лайық.

Бақытын еңбектен таба білген ұстаз отбасылық өмірде де бақытты: адал жар, ардақты ана. Бергенінен берері көп, тәжірибелі ұстаз бүгінде мектеп мұғалімдерін жаппай шығармашылық тұрғыда шыңдауда. Құрметті Божаква Гуляйраз Сейтуовна деніңіз сау, еңбегіңіз елеулі, табысты болыңыз деп тілек білдіреміз.

Аружан САҒАТБЕК
Ақбота ОРАЗҒАЛИЕВА



Өнерді өміріне мұрат еткен әнші!



Шектібай Еңсебаев 1939 жылдың 1 мамырында Көкшетау қаласы, Қайрат савхозы, Жуантөбе ауылында дүниеге келген. Өз дәуірінде оның әніне бойың балқып, ән ырғағымен қиял әлемін шарлайтын әсер қалдыратындай жан болған деседі. Жүрегіңе жылылық ұялатқан, көңілді елжіреткен әншінің шеберлігіне сүйсінерсің. «Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-пәл кем бұра, нағыз қазақ - қазақ емес, нағыз қазақ -домбыра» дегендей-ақ, Шектібайдың домбыра шертісін-ай. Домбыра тарту өнері әке-шешесінен дарыған. Әкесі қолынан домбыра жасап, 8 жасар Шектібайға беріп, ұлын өнерге баулыған. Кішкентай кезінен ұлттық аспаптардың үніне әуестігі соншалық, сол сәттен бастап-ақ домбыраның құлағында ойнаған. 11 жасында қызғушылық арқылы

басталған талант, ер жете келе өмірлік жолына айналды. Ал шығармашылық жолы, мектеп қабырғасының 8 сыныбында сахна табалдырығын аттағаннан басталған. Кейбір естеліктерінде осы өнерін оқушы кезінен байқаған үлкен-кішілердің қошеметі жайлы ерекше айтқан еді. Бұл өнердің өзіне дарыған ерекше тума талант екенін түсінген Шектібай ата бұл өнерін өмірдің соңына дейін жанына медеу етті, домбыра құдіретін сезіндіре білді. 10 сыныпты бітірген соң, Бестөбеде 7 жылдай жұмыс жасайды. Домбырашы болғандықтан, ешқандай той-томалақтан қалған емес.

Шектібай Еңсебаев домбыра шерту өнерінен бөлек, қазақтың ұлттық аспаптарынан баянда ойнаудың да үздік шебері. Сонымен қатар, талай асулар мен белестерді, шынайы талантының арқасында бағындырған адам. 1967 жылы Алматы қаласында өткен фестивальде Біржан салдың «Жамбас сипар» термесін орындап, қалың елдің көңілінен шыққан. Шектібай атамыз 1975 жылы Көкшетау облысы, Қызыл ту ауданы, Қайрат ауылында «Көкшетау» ансамблін құрып, сол жылы ол ансамбль шет елге, Югославияға фестивальға барған. Ансамбльдің белді мүшесі ретінде, Шектібай Еңсебаев сол байқауда арқылы лауреат атағын елге алып келді. Одан өзге, Шекең атамызды сол елдің астанасы – Белград қаласында өтетін концерттік бағдарламаға енгізіп, өнерін тамашалатқан. Аса құрметке ие болып, облыста, ауыл-аймақтарда концерттермен бұл дәстүрді жалғастырған. Өз дәуірінде халықтың қалаулысы, елінің елеулісі бола білген Шектібай атаның енді бұл сапарлардан соң, қалың көпшілік алдында беделі арта түсті.

«Мен ойлаймын, қазақтың әндерін неге домбырамен шығармасқа. Халық композиторларының немесе жаңа шығарған композитордың әндері болсын барлығын өзінің нақышына келтіріп орындау, халыққа тартымды болу басты ойым» - деген Шектібай Еңсебаев осы ойды мақсат еткен өнер ортасында жүріп те, Қарағанды облысы жоғары оқу орнында педагогикалық мамандықты сырттай оқып бітірген, мектепте музыка пәнінен дәрістер беріп, 30 жыл ерең еңбек еткен. Өз бойындағы өнерді, таусылмас талантты өзгелерге үйрете білді. «Өнерлі өрге жүзер», - дейді халық даналығы. Шәкірттерге терең білім берумен қатар, өнердің сан алуан сырларын түсіндіре білді. Шәкірттері өз заманында Павлодар облысы, Ертіс ауданы



мәдениет үйінің басшысы Молдахметов Кемел, Қасенов Серік - Көкшетау қаласы, Щучье ауданында мәдениет қызметкері болып елге қызмет атқарған.

Отанды сүю отбасынан басталады демекші, ұстаздығымен оқушыларын тәрбиелеуден бөлек, өз ұл-қыздарына да үлгілі тәрбие көрсетіп кетті. Жары- Нұрахметова Бақытжамал. 1961 жылы Шектібай Еңсебаев екеуі отау құрады. 7 баланы өсіріп, тәрбиелеген, 3 ұл 4 қыз. Үлкені, ұлдары – Серік, қыздардан Бибігүл, Бибінұр, Зәмзәгүл, Әсемгүл, кіші ұлдары- Ришат және Берік Еңсебаевтар. Кенже баласы Берік домбыра шертуден талай конкурстарға қатысып, Көкшетауда «Жас толқын» байқауында жүлдегер атанған. Қызы – Зәмзәгүлде әке өнерін жалғастырушы. «Менің әкем жақсы адам болды. Ешқашан дауыс көтеру деген болмайтын. Күмістен қара -ала жүзіктер соққан екен.Әкем өз күнделігін көрсететін, барлық пәннен 4 пен 5-ке оқыған, үздік оқушы болған» - дейді. Саналы бала, білімді оқушы, үлгілі ұстаз, мінсіз әке тұлғасымен, естеліктерімен бөліскен қызы Әсемгүл Еңсебаева.

Аудандық, облыстық және республикалық мәдени шараларда алған құрмет грамоталары, мақтау және құттықтау қағаздары, лауреат атағын алғандағы ордендері және «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісі, көп сахналарда қазақтың әсем әндерін асқақтата шырқатып, халқымыздың тума өнерін жұртшылыққа паш еткен Шектібай Шаяхметұлының ерен еңбегінің жемісін көрсетіп отыр. Шектібай атаның өмірлік жолынан қандай кісі болғанын аңғаруға болады. Сондай интеллигент, білімді және сабырлы жан дерсің. Ұстаз алдынан өткен шәкірттері де, әке тәрбиесін көрген балалары да көркем мінез иесі. Көзі тірісінде еңбегі еленген Шектібай ата 2009 жылы 3 маусым дүниеден өтті. Бүгінде артында мұрасын жалғастырушы 7 ұл-қызы, 18 немересі, 10 шөбересі бар. Бұдан өзге, тума талант иесінің, өз дәуірінің сүйіктісі бола білген азаматының еңбегін, ұрпақ сабақтастығын, өнер құдіретін бағалау біздің міндетіміз.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
журналистика мамандығы
3 курс студенті ӘмірбекқызыАрайлым

Развлечение по опытно-экспериментальной деятельности по теме «Путешествие в мир опытов»

Байгалиева Гульбану Аманжоловна

Западно-Казахстанский область, город Уральск

Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли/сад №22 «Колобок»
воспитатель

Цель:

- расширить представления детей о значимости воздуха и воды в жизни человека;
- познакомить детей с некоторыми свойствами воздуха и воды, и способами его обнаружения;
- активизировать и расширять словарный запас детей.
- развивать познавательный интерес в процессе экспериментальной деятельности;
- развивать умение делать выводы и объяснять «чудеса» с научной точки зрения.
- воспитывать интерес к окружающей жизни.

Рекомендации к проведению: перед началом экспериментирования необходимо провести инструктаж по технике безопасности; необходимо стараться добиваться от детей самостоятельных ответов, давая подсказки и задавая наводящие вопросы, важно не допускать длительных заминок.

Ход развлечения:

В группе оборудована мини-лаборатория. В проведении опытов принимают участие родители. Входят дети (на головах одноразовые шапочки, на груди - фартуки).

- Ребята, вы знаете, что такое лаборатория? (Дети отвечают)

- Правильно, лаборатория — это специальное место, где проводят опыты и эксперименты. А вы любите экспериментировать? (Дети отвечают) Предлагаю вам поиграть в игру, где вы станете сотрудниками научно-исследовательской лаборатории, а я, так как старше вас, буду старшим научным сотрудником. И мы с вами, как настоящие ученые вместе попытаемся провести известные опыты с водой и воздухом.

(Отправляемся в научную лабораторию, на наши рабочие места).

- Сегодня мы вместе с вами займемся этим увлекательным занятием. Только для начала запомним правила безопасности:

БЕЗ РАЗРЕШЕНИЯ ЗАПРЕЩАЕТСЯ

- вставать с места,
 - трогать оборудование и приборы,
 - засовывать что-либо в нос, рот, уши.
- Скажите, дети, для чего ученые проводят опыты и эксперименты?

-Конечно, ученые хотят разгадать загадки природы.

-И для вас у меня первая загадка: чего в этом зале очень много, но мы этого не видим?

(Дети отвечают)

ЕСЛИ ДЕТИ ОТГАДАЛИ

-Сейчас мы проведем такой опыт, что все в этом зале смогут увидеть воздух.

ЕСЛИ ДЕТИ НЕ ОТГАДАЛИ

-Сейчас мы проведем такой опыт, что все смогут увидеть отгадку.

Детям предлагается подуть через соломинки в стакан с водой.

-Что мы видим?

(Дети: Пузырьки воздуха, воздух)

-Откуда берется этот воздух? (Дети: Дети вдыхают его и выдыхают через трубочку)

-Куда деваются пузырьки воздуха? (Дети: Всплывают из-под воды, и воздух возвращается в зал)



-Почему пузырьки не остаются в воде? (Дети: Потому что воздух легче воды)

-Да, воздух легче воды. Это подтверждено множеством экспериментов.

Один из них мы сегодня проведем.

-Какого цвета воздух? (Дети: Никакого, воздух прозрачный)

-Можно ли услышать воздух? (Дети: можно услышать ветер, вьюгу, музыкальные духовые инструменты).

Предлагаю детям надуть шарики, а затем выпустит воздух из шарика через щель так, чтобы получился звук.

- Что мы слышим?

(Дети: Воздух)

- Еще один вопрос о свойстве воздуха – чем пахнет воздух?

(Дети отвечают. Воспитатель побуждает их называть разные запахи и ароматы, спрашивает, чем пахнет воздух в деревне, в городе, в лесу, на кухне и т. п., чем он пахнет в этом зале).

-А чем пахнет воздух в этом пакете?

(Дети: апельсинами).

- Значит, что лежит в этом пакете? (Дети: апельсин. Открываю пакет, в нем лежат апельсиновые корки).

- Апельсина в пакете нет, хотя, наверное, раньше и был. (Вытряхиваю корки в мусорное ведро, и опять даю детям понюхать воздух в пакете).

- Апельсина нет, корочек нет, что же пахнет апельсинами? (Дети: воздух в пакете пахнет апельсинами).

- В итоге, воздух не пахнет, пахнут предметы в нем! *Воспитатель достает два апельсина – один очищенный, другой с кожурой и бросает их в две банки с водой).*

- Смотрите, коллеги, этот утонул, а другой плавает! Чем можно объяснить этот феномен? (Плавучесть зависит от воздуха, которого много в порах апельсиновой корки; этот эксперимент также подтверждает, что воздух легче воды).

Физминутка

Дети становятся по кругу, воспитатель задает вопросы, а дети отвечают - если «Да»- то хлопают в ладоши, если «НЕТ»- то топают ногами.

Игра "Бывает - не бывает"

•Воздух бывает теплый? (Бывает)

- Воздух бывает чистый? (Бывает)
- Воздух бывает пушистый? (Не бывает)
- Воздух бывает легкий? (Бывает)
- Воздух бывает грязный? (Бывает)
- Воздух бывает сердитый? (Не бывает)
- Воздух бывает холодный? (Бывает)

- Я знаю еще один очень интересный опыт на плавучесть. Поднимите руки, кто из вас любит плавать. (Дети поднимают руки). Скажите, где вы плаваете? (Дети: в бассейне, на речке, в море, в озере, на пруду). А где легче всего плавать? (Дети: в море). А почему? (Дети: в море вода соленая, она лучше держит). Абсолютно верно, друзья мои, и мы подтвердим это с вами следующим экспериментом.

В одной банке – простая вода, а в другую – добавляется соль. В пресной воде – яйцо тонет, а в соленой – плавает. Добавляя в банку то соленую, то пресную воду, заставляя яйцо, то всплывать, то опускаться на дно банки, и добивается того, что яйцо висит на её середине.

Дети активно помогают в проведении опыта.

-А теперь начинаем опыты на окрашивание воды. На занятиях по рисованию мы учимся смешивать краски и получать новые цвета. Какая краска любит воду, хорошо в ней растворяется? (Дети: акварель). У меня здесь две баночки с желтой и синей краской. Какой цвет получится, если их смешать? (Дети: синий). Проверим! (Двое детей выходят на сцену и при



помощи пипетки в прозрачных стаканчиках делают раствор желтого и синего цвета; одновременно выливают свои растворы в третий стакан, и моментально получается зеленый).

- Но не всегда в воде получается тот цвет, какой мы ожидаем увидеть. Некоторые вещества, соединяясь в воде, реагируют особым образом. *(растворяю в воде кристаллики марганцовки, дети любят, заворачивая этим зрелищем).*

- Какого цвета получился раствор? (Дети: малиновый).

- А что будет, если туда добавить прозрачную жидкость? (Дети: ничего, цвет слегка побледнеет).

Добавляю пипеткой в раствор немного перекиси водорода и жидкость становится прозрачной).

Физминутка «Раз ладошка, два ладошка».

- В заключение нашей встречи предлагаю вам устроить вулкан! Нет, вулкан нельзя, техника безопасности не позволяет. Тогда – водяной вулкан, т. е. гейзер! Мои помощники уже сконструировали кратер (достаю макет гейзера), осталось только его активировать!

Приглашаю детей подойти поближе. Дети насыпают в «кратер» соду и лимонную кислоту, воспитатель выливает в кратер воду и, зал ахает от неожиданности – гейзер извергает шипучий фонтан.

- Теперь подведем итоги сегодняшней встречи. Что вам, друзья мои, понравилось сегодня, что удивило, чему вы сегодня научились, что нового узнали? (Дети отвечают).

- На этом наше путешествие в лабораторию опытов и экспериментов не заканчивается. Я желаю вам продолжить его вместе со своими родителями! Наблюдайте за миром вокруг, экспериментируйте и открывайте законы природы и мироздания! До новых встреч, друзья!

Менің отбасым

Жолекенова Мария Серікбаевна

*Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, №4 «Балапан» балабақшасы МКҚК
Тәрбиеші*

Білім салалары: Қатынас, Таным,

Бөлімдері: Сөйлеуді дамыту, математика,

Тақырыбы: Мақсаты:Отбасы туралы түсініктерін кеңейту, қонақжайлыққа үйрету, әдептілік ережелеріне баулу. Бейнелі ойлауын дамыту. Отбасындағы өзара сыйластық қарым қатынасын дамыту. Жанұя мүшелеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, оларды сыйлауға тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: Отбасылық суреттер, «Әдептілік – әдемілік» кітабы, өлеңжұмбақ, ойындар.

- Балалар бәріміз ортаға шығып, шаттық шеңберін құрайық. Бәріміз бір – біріміздің қолымыздан ұстап алақан жылуларын сезінейік. Қандай тамаша?!

Шаттық шеңбері:

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз,

Ата - ананы құрметтеп,

Бас иеміз біз.

Қайырлы күн, менің сүйікті балаларым! Бүгін біз үшін өте ерекше, әрі әсерлі сабақ. Бүгін бізге қонақтар келіп отыр.

- Балалар мына суретке назар салыңыздаршы! Мына суреттерді бір сөзбен айтқанда қалай деп атай аласыңдар: (отбасының суреті)

-Балалар бізге қонақ келіпті. Ол қуыршақ Мөлдір екен.



-Сәлеметсіздер ме балалар? Мен сендермен сабаққа қатысуға келдім, сендерге дайындаған тапсырмаларымда бар.

- Қанеки, Мөлдір, балалар біз саусақ жаттығуларын жасап көрейікші!(балалар саусақтарын бүгіп отырып орындайды)

Бас бармағым – әкем, балаң үйрек апам,

Ортан терек – ағам, шылдыр шүмек мен.

Титтей бөбек сен

Бір үйде нешеуіміз?

Бір үйде бесеуіміз.

- балалар санамақ кімдер туралы айтылған? Кім айтады?

Балалар, қазір бізге Мөлдір жұмбақ жасырады.

Балалар, Ендеше мен сендерге өлең жұмбақ айтып берейін. Сендер соның шешуін айтыңдар

Дегенімді жасайтын

Қалған тамағымды асайтын

Ертіп алып жетектеп

«Немерем» – деп атайтын?

*** **

Ертегі айтып беретін

Айтқаныңа сенетін.

Дегеніңді екі етпей

Жаңында сенің жүретін.

*** **

Кіріңді сенің жуатын

Үйді шаштың деп қуатын

Тамағыңды дайындап

Жақсы көріп тұратын.

– Бәрекелді балалар, өлең жұмбақты шештіңдер. Сендер ақылды, білімді балалар болып өсіп келе жатсыңдар. Өте жақсы. Шаршаған шығарсыңдар. Ойын ойнап бір сергіп алайық.

«Кім жоқ?» – дидактикалық ойын

Тақтада отбасы мүшелерінің суреті ілулі тұрады. Балалар көздерін жұмады. Тәрбиеші тақтадағы бір отбасы мүшесінің суретін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, мұқият қарап шығып, кімнің суреті жоқ екенін айтады.

Сергіту сәті: «Отбасы шежіресі» туралы жұмбақ шешу. Алдарында әкесінің, атасының, анасының т.б. фоталары жатады.

1. Айтары мол ғұлама,

Көп жасасын бұл адам,

Әкесі ол әкеңнің

Білер оны сұраған.

Ол кім? Барлығы – атам.

Аталарының суретін ағаштың тамырларына іледі.

2. Атаңның баласы,

Кей кезде таласып.

Қаласың әжеге

Білгенің асады кәдеге.

Ол кім? Барлығы - әкем. (әкесінің суретін іледі)

3. Бала бала, бала деп,

Түнде шошып ояңған

Түн ұйқысын төрт бөліп

Түнде бесік таянған.

Қолын қатты тигізбей,

Кірлі көйлек кигізбей.



Иісін жұпар аңқытқан.

Бұл кім? Барлығы – ана. (анасының суретін іледі)

Ұйымдық - іздену Ойын: «Неге теңеймін». Балаларға күннің, айдың, бұлттың, алманың, гүлдің суреттері таратылып беріледі. Оқушыларға «ананды кімге теңейсің» деп сұрағанда қолдарындағы суреттің біреуін көтереді. Сол сияқты атасын, әкесін, ағасын т. б. айтылады.

Балалар қарандаршы Мөлдір бізге өзімен бірге отбасы ағашын әкеліпті, бірақ ол жерде отбасы мүшелерінің суреттері жоқ екен. Әр отбасы мүшелері әртүрлі пішіндермен бейнеленген екен. Балалар менде олардың суреттері бар, бірақ оны пішіндерге сәйкестендіріп орналастыруға сендер көмектесіңдер.

Рефлекстік түзету - Қазір бәріміз мынадай тапсырма орындайық. Мына қима суреттерді құрастырайық. (Қоян мен көжектің суретін құрастыру) олардың бір отбасы екенін айтып өту.

Нені құрастырдық? Не бар?

Жүректен – жүрекке: Балалар бір - бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер құрып тұрады.

- Аяулы анам мейірімді!

- Қадірлі әкем мейірімді!

- Әлпештеген әжем мейірімді!

- Еркелеткен атам мейірімді!

Қорытындылау:

1. Отбасы мүшелерін ата.

2. Отбасыңа қандай көмек көрсетесің?

3. Ата – анаң қайда жұмыс істейді?

Отбасы - ол ең жақын адамдардың ошағы. Әрқашан отбасы мүшелерін сыйлап, құрметтеу керек екені айтылады.

Ортаға келіп тұрайық,

Шеңберді біз құрайық.

Көріскенше күн жақсы,

Сау - саламат болайық!

Сұрақтарға толығымен жауап бере білді.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Ата, әже – отбасы тірегі. Оларды сыйлау керек.

Түсінуге тиіс: Ата әже әке ана, ұл қыз – бәрін отбасы дейміз.

Істей білуі керек: Біздің кішкентай жүрегіміз бәрін жақсы көреді.

Газбен дәнекерлеу тәртібі мен технологиясы

Қалық Амангелді Талапханұлы

*Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Жаркент көпсалалы колледжі
Арнайы пәнінің оқытушысы және өндірістік оқыту шебері*

Пән атауы:	Арнайы технология	Сабақ №	4
Сабақтың тақырыбы:	Газбен дәнекерлеу тәртібі мен технологиясы		
Күні:		Ұзақтығы:	60 мин
Өткізілетін орны:	Платонус платформасы		
Мақсатты аудитория:	Мамандығы: 1114000 - «Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)» Біліктілігі: 1114042 - «Электргазымен дәнекерлеуші»		
Сабақтың мақсаты:	Білім алушылар сабақ соңында газбен дәнекерлеу тәртібі мен технологиясын біледі, меңгереді.		
Тілдік мақсат:	Білім алушылар сабақ соңында тақырыпқа қатысты жаңа сөздерді жаттайды, айта алады.		



		Оқыту тілі: тақырыпқа байланысты сөздер.	
Сабақтың типі:		Теория	
Сабаққа ұсынылатын оқу құралдары:		интерактивті тақта, суреттер, бейне материалдар, app.quizalize.com, menti.com, youtube.com, wordwall.net, learningapps.org АКТ құралдары	
Әдебиеттер тізімі:		«Газ және электрмен пісіруші» Т.Шакирова 9 бет	
Сабақ барысы			
Сабақ кезеңдері	Уақыты	Оқытушының әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі	4 мин	1) Оқытушының білім алушылармен амандасуы, олардың сабаққа қатысуын, құрал-жабдықтарын тексеру. 2) Топта ынтымақтастық ахуал орнату. 2.1 Өзін де өзгені де сыйлау, уақытты тиімді пайдалану, өз ойын нақты, тұжырымды айту, бір-бірін әділ бағалау, белсенділік таныту. 2.2 Бағалау парақшасымен таныстыру	Білім алушылар топтың сабаққа қатысуын оқытушыға баяндайды
Үй тапсырмасын сұрау	18 мин	Үй тапсырмасын студенттерден «app.quizalize.com» бағдарламасы бойынша үй тапсырмасын тексеремін, дұрыс әрі жылдам жауап берген студенттердің білімін бағалаймын. https://app.quizalize.com/student/code сілтемесі арқылы өтіп dzu25446 кодын жазып кіреді.	Білім алушылар сұрақтарға жауап береді
В – (BRIDGING) Байланысты орнату	4 мин	Интерактивті тақтадағы видео роликке байланысты жаңа сабаққа көпір салу https://www.menti.com/1hiqevvj9y  https://www.youtube.com/watch?v=QEWEMCwSMuw	Білім алушылар видео роликке қарап түсінгенімен бөліседі.
О – (OUTCOME) Оқытылатын нәтиже		Тақырыптық: Сабақ соңында білім алушылар: - газбен дәнекерлеу тәртібі мен технологиясы жайында ақпарат алады; - газбен дәнекерлеу тәртібі мен технологиясын меңгереді; Тілдік: Білім алушылар аударманы біледі және еркін қолданады	
Р – (PRE-ESSESSMENT) Алдын ала бағалау	4 мин	Сіздер газбен дәнекерлеу тәртібі мен технологиясы жайында білесіздер ма?	Білім алушылар сұраққа жауап береді.
Р – (PARTICIPATORY LEARNING) Белсенді оқыту	10 мин	Газбен дәнекерлеу тәртібі мен технологиясы жайында бейнефильмінен үзінді https://www.youtube.com/watch?v=mibENu9te20	Сілтеме арқылы өтіп жаңа сабақ бойынша түсіндірме



			видео роликпен танысады, түсінгенін баяндайды.
	16 мин	PL 1 Газбен пісіру балқытып пісіру тәсілінің тобына жатады. Газбен пісірудің доғалы пісіруден маңызды технологиялық айырмашылығы — металды көбірек балқытып, азырақ қыздыруда. Пісіргіш газды алаудың доғалы алаудан маңызды технологиялық айырмашылығы — металды барынша баяу әрі ақырын қыздыру болып табылады. Бұл пісірілетін газды алаудан доғалы алаудан айырмашылығы — кейбір жағдайларда жетіспеушілік болып табылады, ал кейбір жағдайларда газ алауының құндылығы болып, оны қолданудың негізгі облыстарын анықтайды: төмен көмірсутекті, арнайы және аспапты болатты, түсті металды, шойынды пісіру үшін, сонымен қатар еріту жұмыстарын атқару үшін. Gas welding belongs to the group of soldering methods. An important technological difference between gas welding and arc welding is that the metal melt more and heats up less. An important technological difference between a welding gas burner and an arc burner is that the metal is heated as slowly and carefully as possible. This is the difference from the welding gas torch to the arc torch – in some cases it is a disadvantage, and in some cases the value of the gas torch determines the main areas of its application: for welding low-carbon, special and tool steel, non-ferrous metals, cast iron, as well as for carrying out melting works. Қажетті жабдықтың әмбебап, салыстырмалы қарапайымдылығы және қолайлығының арқасында газбен пісіруді жөндеу жұмыстарының көптеген түрлеріне қолданады. Металды газ алауымен салыстырмалы баяу қыздыру металл қалыңдығын арттыра отырып газбен пісірудің өнімділігін тез төмендетеді, ал 8-10 мм асқан қалыңдықта бұл әдетте экономикалық пайдасы жоқ. Ақырын қыздырған кезде пісіру ваннасына жапсарлас негізгі металдың үлкен көлемі қыздырылады, бұл өз кезегінде пісірілетін бұйымдардың өзгеруін тудырады. Бұл маңызды жағдай құрылыстық металл конструкциясы, көпірлер, вагондар, ірі ауқымды машиналардың тұғырығы және т.с.с. нысандарды газбен пісіруді техникалық мақсатқа сәйкессіздендендіреді. Ақырын қыздыру сол сияқты, жоғарғы температура аймағында металдың ұзақ болуына	Білім алушылар қысқаша конспект жасайды. Түсініксіз болған жағдайда оқытушыдан сұрайды.



әкеледі, ал қатты қыздыру дәндердің іріленуіне және металдардың механикалық қасиеттерін жоғалтуға әкеледі. Сол уақытта газ алауымен шойын бөлшектерін жөндеу кезінде металды баяу қыздыру температураның түсіп кетуін төмендетеді, бөлшектердің металдарынан газдарды жоюға әрекет етеді және жарықтың пайда болуының алдын алады.

Газбен пісірген кезде түйіскен, айқасқан, таңбалы, бұрышты және дөңбекті қосындыларды пайдаланады.

Түйіскен қосындылар пісірген кезде кернеудің аз қалдықтары мен деформацияның салдарынан кеңінен тараған, статистикалық және динамикалық жүктемелер кезінде аса берік, сонымен қатар бақылау жүргізу үшін қол жетімді болып саналады.

Түйіскен қосындыны қалыптастыруға негізгі және қоспа материалдардың аз көлемі шығындалады. Осындай қосынды жиек қиғаштығын көмкеріп, бір немесе екі жиекті қиғаштап (V-бейнелі) немесе екі жиекті ек қиғаштап (X-бейнелі) орындайды.




3.1 сурет. Пісірілген қосындылардың түрлері:

и — бұрышты

Айқасқан қосынды аса қалың емес металдарды, үшкіл, қаптама, құбыржолдық муфта және т.с.с. газбен пісірген кезде қолданады.


Таңбалап қосуды шектеп қолданады, себебі оларды қолданған кезде металды қарқынды қыздыру қажет. Сонымен қатар осылай қосу бұйымдардың өзгеруін тудырады. Таңбалап қосуды аса қалың емес бұйымдарды пісірген кезде қолданады, оларды жиектердің қиғашынсыз орындайды және бұрышты жіктермен пісіреді.

Дөңбекті қосуды жұқа бөлшектерді пісірген кезде, құбыр желілерін дайындап, қосқан кезде пайдаланады.



3.2 сурет. Кеңістіктегі қалпына байланысты пісірілген жіктердің түрлері:

а — төменгі; *б* — тік; *в* — көлденең; *г* — төбе; пісіру бағыты тілдермен көрсетілген




3.3 сур. Әрекет ететін күшейткішке F байланысты пісірілген жіктердің түрлері:

a — қапталдан; b — қарсы; v — аралас; z — қиғаш


Бұрыштап қосуды (3.1 сур., u) ыдыстарды, жауапты емес құбыр желілерінің фланецтерін пісірген кезде қолданады. Аса қалың емес металдарды пісірген кезде бұрышты қосуды көмкеріп орындауға болады және қоспа материалдарды пайдаланбау керек.

Пісірілген қосындылардың түрлеріне байланысты түйістіріп және бұрыштап пісірілген жіктерді ажыратады. Пісіру процесінде кеңістікте орналасуы бойынша жіктер төменгі, тік, көлденең, төбе болып бөлінеді (3.2 сурет). Пісіретін жікті пішіндеу және қосынды пайда болу үшін ең жақсы шарт төменгі қалыпта пісірген кезде пайда болады, сол үшін кеңістікте басқа қалыптағы пісіруді ерекше жағдайларда ғана пайдаланған жөн.




3.4 сурет. Пісірілген жіктердің пішіні:

a — қалыпты; b — дөңесті; v — ойысты



3.5 сурет. Бір қабатты (а) және көп қабатты (б) пісірілген жіктер:

1 — 7 — қабаттарды салу реттілігі



3.6 сурет. Үздіксіз (а) және үзілмелі (б) пісірілген жіктер


Пісіру тәртібі пісірілетін металдың түріне, бұйымдардың ауқымды көлемі мен пішіндеріне байланысты. Пісіру тәсілі металдың қалыңдығымен, кеңістікте жіктің салынуы және т.с.с. анықталады. Жанарғы қозғалысының



бағытына байланысты газбен пісірудің екі тәсілі бар. Көбінесе пайдаланылатын сол тәсілмен (3.9 сурет, а), жанарғының алауын әлі пісірілмеген металдың жиегіне бағыттайды, ал қоспа сымын алау алдына орналастырады.

Біркелкі қыздыру үшін және пісіру ваннасын және сымды жанарғыға орналастыру үшін жікке көлденең өзгеріс қозғалысын олар қарама-қарсы жақта қозғалу үшін хабарлайды. Сол тәсілді қалыңдығы аз металдарды пісірген кезде, сонымен қатар балқыту температурасы салыстырмалы төмен болғанда қолданған мақсатқа сай. Бұл тәсілмен металл жігінің жақсы пішінделуі қамтамасыз етіледі.

Оң тәсілмен (3.9 сурет, б) алауды жіктің пісірілген бөлігіне бағыттайды; бұл ретте сымды оның ұштарын балқыған металл бар ваннадан алмай алаудың ізімен шиыршық бойынша орналастырады. Жанарғыны тура орналастырады. Көлденең өзгерістерді тек қана аса қалың бөлшектерді пісірген кезде ғана жанарғыға хабарлайды.



3.9 сурет. Пісіру тәсілдері:

а — сол; б — оң; 1 — қосымды шыбықша; 2 — газды алау; 3 — жік; 4 — пісіру ваннасы; 5 — пісірілетін металл (направление сварки-пісіру бағыты)

Пісірудің осы тәсілін қолдану алаудың жылулығын толығымен пайдалану есебінен газдың салыстырмалы шығынын бір уақытта төмендеткен кезде процестің өнімділігін арттырады, сонымен қатар қыздырудың жоғарғы концентрациясының нәтижесінде металдың өзгеруі азаяды.

Қосымды сым механикалық қасиеттері мен химиялық құрамы ойынша негізгі металға сәйкес болу керек. Қосымды сымның диаметрі d аңдалған пісіру тәсіліне және негізгі металдың қалыңдығына s байланысты. Пісірудің $d = s/2$, сол тәсіл үшін — $d = s/2 + 1$ мм.

3.1 кесте. 1 мм пісірілетін металл қалыңдығына кететін әдетпен мен оттегінің салыстырмалы шығыны

Пісірілетін металл	1 мм пісірілетін металл қалыңдығына кететін шығын, г/ч		Әдетпен және оттегінің ара салмағы
	әдетпен	оттегі	
Көмірсутекті болат	75	80	1,0 : 1,1
Тегірілген болат	75	80	1,0 : 1,1
Шойын	75	80	1,0 : 1,1
Мыс	150...200	165.220	1,0 : 1,1
Жез	75	80	1,0 : 1,3
Алюминий және оның қоспалары	75	80	1,0 : 1,1
Марганец	15.20	20.25	1,0 : 1,1
Қола	75	80	1,0 : 1,1

қажет, себебі пісірудің жылдамдығын өзгертпесе



металл не жанып кетеді, не қатты жандырып алып, күйіп те қалуы мүмкін.

Алау түрі сол сияқты пісіру тәртібіне әсер етеді.


Пісіру

процесінде уақытпен өтетін қалыпты алау жанарғының

құрылымдық ерекшеліктерінен тотықтырғышқа беттейді. Нақты жағдайларда алауда артық оттегі болғаны қажет емес, сондықтан пісірушілер саусағын ацетилен шұрасында ұстап тұрып, қажеттілігі бойынша жанғыш газ беруді арттырып отырады.

Мүштіктің иілу бұрышын металдың қызуына байланысты өзгертеді. Оны алау қуатына қосымша фактор деп санауға болады және пісіру ваннасының пішіні мен өлшемдері бойынша (ойыстығы немесе дөңестігі) пісіруші бұрышты өзгерту туралы шешімді дереу қабылдайды. Ол үшін кей-кездері пісіруші алауды пісіру ваннасынан бір сәтке шегіндіреді.


Пісіру ваннасының түбіне дейінгі қашықтық тұрақты болуы керек. Балқытылған металы бар ванна



3.10 сурет. А жанарғысы мүштігінің иілу бұрышының өзгеруі

Болаттың қалңдығына s байланысты:


- 1 — $s < 1$ мм, $a = 10^\circ$; 2 — $s = 1... 3$ мм; $a = 20^\circ$;
- 3 — $s = 3.5$ мм, $a = 30^\circ$; 4 — $s = 5.7$ мм, $a = 40^\circ$;
- 5 — $s = 7.10$ мм, $a = 50^\circ$; 6 — $s = 10.12$ мм, $a = 60^\circ$;
- 7 — $s = 12.15$ мм, $a = 70^\circ$; 8 — $s > 15$ мм, $a = 80^\circ$




3.11 сурет. Пісіру кезінде жанарғы мен сымның қозғалысы:


a — төменгі қалыптағы қалңдығы 3 мм көп болаттар; *б* — бұрышты жіктер; *в* — жиектерін бөлшектеп оң тәсілмен; 1 — сымның қозғалысы;



		2 — жанарғы қозғалысы; 3 — қозғалысты ұстап тұру орны Қалыңдығы аз болатты жиектерін өңдемей пісіріген кезде пісіру процесі қосымды сыммен жүргізілсе, рет-ретімен пісіру ванналары пайда болатын тәсіл кеңінен тарады. Бұл тәсілдің маңыздылығы пісіруші пісіру ваннасын жасап (болат аса қалың болмағанда пісіру ваннасының диаметрі 4-5 мм құрайды), оған қосымды сымның ұшын енгізеді және қоспа металдың аз мөлшерін балқытып, пісіру ваннасынан ұшын алып пісіру алауының ортасына шығарады. Бұл ретте жанарғыны металдың беткі жағына жақындата отырып, шұғыл айналмалы қозғалыс жасап, келесі позицияға ауыстырады. Әрбір кезекті ванналар алдындағысының 1/3 диаметрін жабады (3.12 сурет). Осындай тәсілмен жік бетінің жатық, тегіс болуын қамтамасыз ететін сапалы орындалған пісіру процесі екі негізгі  Пісіру бағыты 3.12 сурет. Біртіндеп пісіру ваннасы пайда болатындай пісіру сызбасы: 1, 2 — тұтқыштарды орналастыру орны шартты талап етеді: металдың қышқылдануын болдырмау үшін қосымды сымның ұшын алаудың орташа аймағының шегінен шығаруға болмайды; жіктегі металдың көміртектендіруіне жол бермеу үшін алаудың өзегін пісіру ваннасына жақындатқанда металдың тотығуына жол бермеу мақсатында оның беткі жағына тизігзбеу керек. Өзгерістерді азайту және қаңылтыр табақта жарықтың пайда болуының алдын алу үшін пісірген кезде жіктің ұшындағы саңылау ұзындығы 2.4% құрайтындай (4.6 мм көп емес) жиектері арасындағы саңылауды кеңейте отырып салады.	Көрсетілген (берілген) конспект ішіндегі жаңа сөздерді ағылшын тілінде оқиды, жаттайды.
--	--	--	--



3.13 сурет. Ауыспалы (а) және тұрақты (б) саңылаулы пісіру үшін қысқыш аспаптар



а) б)

3.14 сурет. Кері сатылы пісірудің сызбасы:
а — жиектен бастап; б — ортасынан бастап; 1 — 5 — жік бөліктерін пісіру бөліктері; тілмен пісірудің бағыты көрсетілген

PL 2

Vocabulary list

Gas welding	Газбен пісіру
marked	таңбалы
angular	бұрышты
Types of welded joints	Дәнекерленген қосындылардың түрлері
Cross section	Көлденең қима
The shape of the welds	Пісірілген жіктердің пішіні
Heat evenly	Біркелкі қыздыру
The left approach	Сол тәсіл
The right approach	Оң тәсіл
mechanical properties	механикалық қасиеттер
technological difference	технологиялық айырмашылығы
heats up less	азырақ қыздыру
metal melting more	металды көбірек балқыту
arc welding	доғалы пісіру
soldering methods	пісіру тәсілі

26
мин

Жаңа сабақты бекіту

АКТ арқылы жаңа сабақты бекітемін.

1 activity

<https://wordwall.net/play/10202/438/378>

Дескриптор: Мәтін бойынша бүгінгі сабақ анықтамаларын біледі, тапсырмада көрсетілген деңгейлерден өтеді. Тапсырма бағасын автоматты түрде wordwall.net өзі шығарып береді.

Білім алушылар көрсетілген тапсырмаларды



		2 activity https://wordwall.net/ru/resource/9746063 Дескриптор: Дөңгелекті айналдыру арқылы өзіне түскен сұраққа жауап береді. Дұрыс жауап берсе 5 балл, ал өзге білім алушы орнына жауап берсе қосымша 2 балл беріледі. 3 activity https://wordwall.net/ru/resource/9747110 Дескриптор: «Лабиринтте қуу» атты ойын түріндегі тапсырманы орындау арқылы өзіне түскен сұраққа ойын шарты бойынша жауап береді. Дұрыс жауап берсе келесі деңгейдегі сұраққа өтеді, жалпы тапсырма 5 деңгейден тұрады. Тапсырманы толық орындағаны үшін 5 балл беріледі. Бағалау шкаласы: 1 тапсырма – 1 балл 2 тапсырма – 2 балл 3 тапсырма – 3 балл 4 тапсырма – 4 балл 5 тапсырма – 5 балл 4 activity Vocabulary list https://wordwall.net/ru/resource/9744452 Дескриптор: Білім алушылар жаңа сөздерді біледі, басқа сөздерден айыра алады, тапсырма ережесіне сай орнымен қояды. Тапсырма бағасын автоматты түрде wordwall.net өзі шығарып береді. 5 activity Reading and speaking (select the words that you know) https://wordwall.net/play/10205/987/290 Дескриптор: Білім алушылар жаңа сөздерді біледі, басқа сөздерден айыра алады, тапсырма ережесіне сай орнымен қояды. Тапсырма бағасын автоматты түрде wordwall.net өзі шығарып береді. 6 Activity Work with video https://learningapps.org/view16790684 https://www.youtube.com/watch?v=X96UnvRtHRo Дескриптор: Білім алушылар видео роликті көреді, видео арасындағы сұрақтарға жауап береді, түсінгенін айтады. Тапсырманы толық орындағаны үшін 5 балл беріледі. Бағалау шкаласы: 1 сұрақ – 2 балл 2 сұрақ – 3 балл 3 сұрақ – 5 балл	орындайды. Білім алушылар жаттаған сөздерін орнымен қояды. Білім алушылар мәтінді оқиды, жаңа сөздерді қолдана отырып таныс сөздерін ерекшелейді. Білім алушылар сілтеме арқылы learningapps.org -тағы видео роликті көреді, түсінгенін айтады, видео арасындағы сұрақтарға жауап береді
--	--	--	--



</
--



Геометриялық фигуралар

(Қашықтан оқыту оқу қызметінің технологиялық картасы)



Сугирбаева Зулбарқыт Нұрбайқызы

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы,

№4 «Балапан» балабақшасы МКҚК

Білім беру саласы: Таным

Бөлімі: Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру

Тақырыбы: Геометриялық фигуралар.

Мақсаты: Геометриялық фигуралардың атауымен таныстыру, осы фигураларды басқа пішіндердің арасынан табуға үйрету.

Оқу қызметінің барысы

Шаттық шеңбері.

Арайлап таң атты,

Алтын шуақ таратты.

Армысыңдар достарым,

Армысыздар қонақтар!

- Суретте берілген заттарды ата.

- Суреттегі геометриялық фигураларды ата.

- Кемеге қарап, онда неше үшбұрыш, неше шаршы, неше шеңбер, неше тіктөртбұрыш барын ата.

Ойын «Сиқырлы суреттер»

Осы фигураларды толықтырып бір заттың суреті салынады.

№1 тапсырма.Сызба бойынша жұмыс істеу.

Қай зат қандай геометриялық фигураға ұқсас келеді.

Сергіту сәті:

Бойың сергісін, тік ұста,

Емін-еркін тыныста.

Оң қолыңды соз алға,

Қол ұшына қара да.

Үшбұрыш сыз ауада,

Сол қол босқа тұрмасын,

Шеңбер жасап тұрайық.

№2 тапсырма. Фигураларды дауыстап айтамыз, тауып, бояу.

- Балалар біз бүгін қандай фигуралармен таныстық? Балаларды мадақтап жұлдызшалар таратады.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Заттардан өздеріне таныс фигураларды таба білу;

Игерді: Геометриялық фигураларды ажыратып, дұрыс атай алу;

Меңгерді: фигураларды басқа пішіндердің арасынан таба білу;



Абай-біздің бабамыз

Ускенова Ақзия Амангелдиевна

*Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, №4 «Балапан» балабақшасы МКҚК
Тәрбиеші*

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Көркем әдебиет, қоршаған орта.

Тақырыбы: Абай-біздің бабамыз.

Мақсаты: Абай Құнанбаев туралы түсініктерін кеңейту, ақынның жыл мезгілдеріне арналған өлең жырларын, дұрыс түсіне білуге бір бірінен ерекшеліктерін айыра білуге баулу, шығармалар мазмұны бойынша өсиет-өлеңдерінен балаларға адамгершілік, адалдық, достық, еңбекті сүйеге, жалқаулыққа қарсы шығу, отанды және елді қадірлеуге үйрету.

Керекті құралдар: Абай Құнанбаевтың суреті, жыл мезгілдерінің суреті.

Әдіс- тәсілдері; Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу.

Шаттық шеңбер

Салем бердік Алтын күз!

Салем бердік ашық аспан!

Салем бердік Жер ана!

Салем бердік баршаға!

Жақсылық көрсен біреуден,

Мен қандаймын деп ойла.

Жамандық көрсен біреуден,

Мен қандаймын деп ойла

Тәрбиеші: Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Күз

Тәрбиеші: Күз айларын атайықшы.

Балалар: Қыркүйек, қазан, қараша.

Тәрбиеші: Абайдың өлеңін оқиды.

Балалар бұл кімнің өлеңі?

Балалар. Абай атамyzдың.

Тәрбиеші: Абай Құнанбаев кім?

Балалар: жазушы, ақын,аудармашы, ағартушы.

Тәрбиеші: Ақын атамyzдың кім өлеңін айтып береді:

Еркеназ: «Ғылым таппай мақтанба».

Айгерім: «Өнерпаз болма әрнеге».

Тәрбиеші: Абай атамyzдың шын аты Ибраһим Құнанбай ұлы 1845 жылы дүниеге келіп 1904 жылы қайтыс болды. Ол қазақ халқының ұлы ақыны, сазгер, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ойшыл. Әкесі Құнанбай, анасы Ұлжан, әжесі Зере.Абай атамyz кішкентайынан әжесінің ертегілерін тындап өскен.

Балалар Абай атамyz біздің түйсігімізге жететіндей етіп тек өлең емес және сонымен қатар 45 кара сөзі бар. Қане балалар кім айтып береді.

Қара сөздер

1.Жас бала анадан екі түрлі мінезбен туады. Біреуі ішсем, жесем, ұйықтасам деп турады. Біреуі білсем, көрсем, естісем, уйретсем деп тұрады.

2. Адам үш нәрседен қашу керек. Бірінші надандық, екіншісі еріншек, үшіншісі жалқаулық

Балалар осы Абай атамyzдың қарасөздерін түйіндей келе адам қандай болу керек екен?

Адам қандай болу керек?

1.Адам жігерлі, төзімді, тәрбиелі, жауапты, адал ақылды, зерек болу керек

2. Адам ақылды мейрімді, инабатты, шыншыл болу керек.



Тәрбиеші: міне көрдіңдерме Абай атамyz не жақсы, не жаман екенін айтып кеткен екен. Біз Абай атамyzдың өсиетін орындап жүруіміз керек екен.

Балалар бір жылда неше мезгіл бар?

Балалар: 4 жыл мезгілі бар.

Жаз, қыс, көктем, күз.

Тәрбиеші: Осы жылдың төрт мезгіліне арнап өлең шығарған екен. Мен сендердің жасайтын тапсырмаларыңда осы төрт мезгілге байланысты жұмыс жасайсыңдар.

Балалар: жылдың төрт мезгілін жасайды. Балалар әр мезгілге Абай атамyzдың өлеңдерін айтады.

Адемай: Қыс

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр мылқау, танымас тірі жанды.

Үсті басы ақ қырау, түсі суық,

Басқан жері сықырлап, келіп қалды

Дария: Көктем

Жаздыгун шілде болғанда,

Көкорай шалғын, бәйшешек

Ұзарып өсіп толғанда;

Күркіреп жатқан өзенге,

Көшіп ауыл қонғанда;

Айгерім: Күз

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,

Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.

Білмеймін тойғаным, тонғаным,

Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,

Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай

Ізбасар: Жаз

Жаздыгун шілде болғанда,

Көкорай шалғын, бәйшешек

Ұзарып өсіп толғанда;

Күркіреп жатқан өзенге,

Көшіп ауыл қонғанда;

Сергіту сәті:

Ұзын мұртты құмырсқа

Бара жатты жұмысқа

Допты Алды қолына

Допты қойды жолына.

Оңға қарайды,

Солға қарайды.

Үлкен тауды көреді.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Абай атамyz аудармашы да болған. Крыловтың Шырылдауық шегіртке шығармасын аударған.

Шырылдауық шегіртке.

Құмырсқа: барлықтарына сәлем. Мендей еңбекқор әлемде ешкім жоқ. Бүгін достарыммен құрал саймандарыммен үй саламын. Кеттім.

Көбелек. Біздің жазымыз қандай тамаша, күн көзі көңілді ән айтып, өзімізге нәр жинаймыз.

Шегіртке: Қандай керемет гүлдер жапырақ көк майса гулден гүлге секіріп ойнағаны тамаша, жаз бітпесін деп армандаймын. Әр бұтақ маған үй болады, ойнап куліп жүргім келеді.

Хаа-ха хи-хи-хи

Араларым құрбыларым не істеп жүрсіндер, сендер бекерге асығасыңдар, әлі орман жылы



Шегіртке: сендер неге тарсылдап жүрсіндер, бөрене тасып шаршамадыңдарма?

Инелік: жалқаулық бізге жараспайды

Шегіртке: күн қандай суық жаурап қалдым, мына тұрған үйшік қандай әдемі қайырымды құмырсқа мен жаурап қалдым мені аяшы, тамақ беріп жылытшы.

Құмырсқа: жазда біз еңбек еткенде сен ойнап күліп жүре берген едің.

Шегіртке: ән айтып серуендеп шаршадым, басыма қатер төнді, қыста қатып қаламын ғой.

Бәрі: жазда біз еңбек еткенде сен ойнап күліп жүре бердің

Шегіртке: мені кешіріңдерші, мен от жағып су тасимын, мен кеш түсініппін, мен сендерсіз маған өмір жоқ.

Құмырсқа: мүмкін оны кешіріп, үйімізге кіргізейік.

Дос болды.

Тәрбиеші: Құмырсқа қандай екен?

Балалар: Еңбекқор.

Тәрбиеші: Шегіртке Қандай екен?

Балалар: Жалқау.

Тәрбиеші: Балалар осы еңбек туралы мақал-мәтел айтып беріндерші.

Балалар: Еңбек түбі-береке.

Еңбек етсең ерінбей,

Тояды қарның тіленбей.

Тәрбиеші: осымен біздің оқу қызметіміз өз мәресіне жетті, сендерге оқу қызметі ұнады ма?

Балалар:Ия

Тәрбиеші:Абай атамыздың өсиетін орындап жүреміз бе?

Балалар: Ия

Тәрбиеші: Өлеңдер шығармалары неге жетелейді екен?

Балалар:

1 Бала: Адамгершілікке, инабаттылыққа, имандылыққа, ізгілікке қанағатшылдыққа жетелейді.

2 Бала: қамқорлыққа, кішіпейілділікке, еңбек сүйгіштікке.





Расул Гамзатов «Журавли»

(План-конспект открытого онлайн-урока)

Куниязова Кульсагат
школа КазНУИ

Урок: Русский язык и литература	Школа: КазНУИ	
Дата: 20.04.2018 г.	Урок проходит в режиме онлайн - урок в Zoom https://youtu.be/X5IKmwc2Puk - история песни. https://youtu.be/JM38EQbdyk0 - памятник братьям Газдановым.	
Класс: 7 «Г»		
Раздел: <i>День Победы: почему мы должны помнить.</i> Тема урока: <i>Расул Гамзатов «Журавли»</i>	Количество присутствующих: 12	Количество отсутствующих: 0
Цели обучения	7С₄-определять основную мысль произведения, опираясь на содержание текста. 7Г₁-пополнение словарного запаса учащихся, включающим эмоционально-окрашенную лексику. 7Ч₃-формулировать проблемные вопросы по тексту, позволяющие выдвигать идеи, предположения, и отвечать на вопросы, приводя аргументы, связывать информацию текста с другими фактами из реальной жизни.	
Цели урока	Все учащиеся смогут прочитать и понять содержание текста, ответить на простые вопросы, познакомиться с новыми словами. Большинство учащихся смогут определить основную мысль текста и ответить на вопросы по содержанию произведения, выдвигать идеи, опираясь на текст. Некоторые учащиеся смогут составлять вопросы по тексту, создавать аргументированные высказывания, связанные с личными впечатлениями и наблюдениями, используя эмоционально-окрашенные слова и словосочетания.	
Языковая цель:	Языковые навыки будут развиваться в рамках темы раздела «День Победы: Почему мы должны помнить». Учащиеся смогут пополнить словарный запас, будут работать над развитием критического мышления и полиязычия. Полиязычные слова для расширения лексики: Клин -сына, crane-построение перелетных птиц в форме треугольника; журавлиный клин- тырналардың ұшу тәсілі The werde of the crane. Промежуток -аралық, interval – пространство или время, разделяющее что-нибудь; құбылысты бөлетін кеңістік немесе уақыт; (промежуток малый) Мгла - қараңғылық, haze– серый цвет (сизая мгла). Ключевые слова и фразы: -С кровавых полей; -Превратились в белых журавлей. Полезные фразы для диалога:	




	-К чему призывает автор? -Что символизирует белый журавль? И т.д.
Навыки использования ИКТ:	Использование демонстрационной доски, слайды, https://youtu.be/7gmXBqPoUts - дисциплина и безопасность
Ценности:	Воспитание чувства благодарности и памяти к героям Великой Отечественной войны и чувства долга перед ними, любовь к Родине, защите Отечества от врагов. Через активные методы обучения прививаются любовь к языку и литературе, формирование коммуникативных навыков.
Межпредметные связи:	Информатика, музыка, казахский язык, история.
Предыдущее обучение:	На предыдущем уроке учащиеся работали над произведением Касыма Кайсенова «В тылу врага» и подготовили сочинение на тему «Вечная память героям».

План

Запланированные этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Начало урока: 1 минута 2 минуты	I. Оргмомент. Приветствие. -Ребята, сегодня самый чудесный день в вашей жизни, улыбнитесь друг другу. Скажите себе такие слова: -Во мне много прекрасного! --Я во всем легко достигаю успеха! -Я умею слушать и слышать все, что меня окружает! -Начать урок сегодня хочется со слов Расула Гамзатова: <i>Мне кажется порою, что солдаты С кровавых не пришедшие полей, Не в землю эту полегли когда-то, А превратились в белых журавлей.</i> Эти строки из известного стихотворения Расула Гамзатова, ставшем известной песней. Известный композитор Ян Френкель написал музыку к этому произведению, впоследствии эта песня облетела весь мир, стала песней на все времена. II К. Прослушивание песни в исполнении Марка Бернеса. Обсуждение после прослушивания. «Мозговой штурм» 1.Какие чувства у вас возникли после прослушивания этой песни? 2.К чему призывает автор? (чтобы не было войны). 3.Какова главная тема стихотворения? (война). 4.Кто из вас знает, что символизируют собой журавли? (это символ счастья, любви, здоровья). 5.Кого символизируют журавли в этой песне? (погибших воинов). ФО Словесное оценивание учителя: Умничка!	     Эл/учебник «Русский язык и литература» У.А. Жанпейс стр. 255 https://youtu.be/X5IKmwc2Puk - история песни.




	Здорово! Классно!	
2 минуты	III И. Актуализация знаний. Учащиеся читают выдержки из домашнего сочинения на тему «Вечная память героям» (Ребята могут написать о сражавшихся на войне родственниках). При выполнении данного задания учитель поддерживает детей, стимулирует их словами «Молодец!» ФО: Взаимооценивание при помощи сигнальных карточек.	Сигнальные карточки
Середина урока	IV. Переход к теме «Расул Гамзатов «Журавли».	
22 минуты	И. Опережающее задание Краткое сообщение 2 учеников о жизни Расула Гамзатова. -Мы, не видевшие войну, знаем о ней из рассказов прадедушек и прабабушек, по скучным письмам и редким фотографиям, по стихам и песням. ФО Взаимооценивание учащимися V Г. Работа с текстом История создания песни «Журавли» Ученики в группах выполняют задание (по трем абзацам, каждая группа свой абзац): 1. Читают текст на стр. 257-258; 2. Выделяют основную мысль; 3. Находят ключевые слова; 4. Пересказывают содержание близко к тексту. ФО Взаимооценивание групп по дескрипторам <i>Дескрипторы:</i> 1. Определена основная мысль; 2. Находят ключевые слова 3. Содержание раскрыто последовательно, близко к тексту VI И. Прослушивание текста. Работа со стихотворением, отработка выразительного чтения Учитель читает текст (Ученики следят по учебнику). Ученики читают стихотворение про себя, выделяя логическое ударение, паузы. ФО Словесное оценивание выразительного чтения учащимися и учителем. VII Г. Словарная работа <i>Лексический графический органайзер</i>	  https://youtu.be/X5IKmwc2Puk - история создания песни. учебник 



	-Трем группам раскрыть значения слов и сделать правильный перевод. Клин, сына, сгәне-построение перелетных птиц в форме треугольника; тырналардың ұшу тәсілі; The werde of the crane. (Журавлиный клин). Промежуток, аралык, interval – пространство или время, разделяющее что-нибудь; құбылысты бөлетін кеңістік немесе уақыт; (промежуток малый) Мгла, қараңғылық, haze– серый цвет (сизая мгла). ФО Самооценивание по слайду. Дескриптор. 1. Правильно сделал перевод слов: а) на казахский язык; б) на английский язык. 2. Слова для словосочетания подобраны верно. 3. Правильно составлено предложение. VIII К. Составление вопросов и поиск ответов по тексту Оценочный вопрос: почему поэт сравнивает солдат с журавлями? – Он верит, что души погибших солдат, переселяются в журавлей. Практический вопрос: к чему нас призывает автор? – Призывает хранить память о солдатах, чтобы никогда не было войны. Творческий вопрос: Какие чувства вызывает у вас это стихотворение? – Чувство грусти, тоски, сострадания. (Эмоционально-окрашенная лексика) ФО Словесное взаимооценивание и сигнальные карточки.	демонстрационная доска Сигнальные карточки слайд
Конец урока 3 минуты	IX.Подведение итогов. Рефлексия II Стратегия «Синквейн» Ключевое слово журавли. 1 строка –одно существительное (журавли); 2 строка – два прилагательных (белые, далекие); 3 строка –три глагола, описывающие действия в рамках темы (летят, подают, свершают); 4 строка –фраза, несущая определенный смысл- не в землю полегли, а превратились в белых	



	журавлей. 5 строка - заключение в форме существительного (солдаты) погибшие. Зачитывание синквейна. ФО: читают синквейны.	
	Х. Проект «Журавли Победы (под мелодию песни «Журавли»)» Бессмертный образ белых журавлей стал родным и близким миллионам людей на нашей планете. Эта наша незабвенная память. Они нас зовут к миру, своим криком просят не забывать о том, кто завоевал нам этот мир. Давайте вместе с вами создадим памятник, я предлагаю вам вспомнить имена своих близких родственников, которые погибли на войне, записать их имена на крыльях журавликов и закрепить на нашем памятнике. (Учащиеся пишут имя своего родственника на журавлике и крепят на проект, произнося имя того, кого они написали.)	демонстрационная доска 
	Домашнее задание: Выучить стихотворение Р. Гамзатова «Журавли» наизусть. Нарисовать иллюстрации к стихотворению (по желанию).	
Дифференциация: Группы будут поддерживать друг друга, будут выделяться активные ученики. В ходе урока учитель будет поддерживать и направлять учащихся. Опережающее задание Работа в парах Дифференцированное задание	Оценивание -взаимооценивание; -самооценивание; -групповое оценивание. Сигнальные карточки Смайлики Дескрипторы Слайд, ссылки на видео	Межпредметные связи: -ИКТ, -музыка, -казахский язык, -английский язык, -история.

Создание условия для саморазвития и самореализации личности и его успешной социализации

Армиева Жұпар Фархатқызы

*КГУ «Средняя школа №27» отдела образования по городу Усть-Каменогорску
управления образования Восточно-Казахстанской области*

Заместитель директора по воспитательной работе, курирующий социальные вопросы

Учебный процесс представляет собой сложную динамическую систему, в которой в органическом единстве осуществляется взаимосвязанная деятельность учителя (преподавание) и ученика (учение). Каждый из субъектов этого процесса имеет свои функции. Задача учителя состоит не только в том, чтобы сообщать знания, но и управлять процессом усвоения знаний и способов деятельности, созданию комфортных условий для самореализации личности учащихся. Задача ученика - овладевать системой знаний, способами их получения, переработки, хранения, применения и воспитать в себе необходимые качества личности.

Желание учиться, интерес к новым знаниям - характерная черта рода человеческого. Заметить и развить этот интерес довольно трудно: современная практика обучения "скучным" наукам весьма успешно "гасит" его. Но как только подлежащий усвоению материал возбуждает интерес ребёнка, обучение становится привлекательным.

Связь обучения с жизнью - необходимое условие осознанных и прочных знаний. Практическая направленность таких задач способствует прочному усвоению новых знаний.

Воспитывая у подростков интерес к знаниям, очень важно знать и использовать возрастные и индивидуальные особенности учащихся. У младших подростков преобладает конкретное образное мышление, круг их представлений в значительной степени ограничен восприятием новых образов. Подростки, находящиеся на переходной стадии, начинают овладевать системой абстрактных научных понятий - переходят от оперирования конкретными предметами и представлениями к оперированию отдельными понятиями.

Приём стартовой актуализации жизненного опыта учащихся. Суть приёма в том, чтобы выяснить, каким запасом знаний обладают учащиеся, перед тем как предлагать им новые знания. Приём позволяет определить интеллектуальный потенциал, как отдельных учащихся, так и коллектива в целом, создаёт психологическую установку на получение новой информации, даёт возможность использовать полученную информацию при решении проблемных ситуаций. Технология использования данного приёма связана с несколькими возможными формами организации деятельности учащихся: прямая постановка вопроса: "Что вы знаете о...?" постановка проблемного вопроса в виде описания какой-то жизненной ситуации.

Приём особенно эффективен в тех случаях, когда необходимо актуализировать творческий потенциал личности, её потребность в самореализации. Стимулирующий фактор для учителя в использовании этого приёма - надежда на быстрое и качественное решение конкретной образовательной задачи.

Развитие творческого мышления у учащихся в процессе изучения является одной из актуальных задач, стоящих перед учителями в современной школе. В творческом поиске легких побед не бывает, поэтому развивается упорство в достижении поставленных целей и, что очень ценно, развиваются навыки самоконтроля и самооценки. Познавательный интерес представляет собой важный фактор учения и в то же время является жизненно-необходимым фактором становления личности. Познавательный интерес способствует общей направленности деятельности школьника и может играть значительную роль в структуре его личности.

Я выделяю пять принципов, которыми должен руководствоваться учитель, чтобы поощрять творчество:



1. Внимательное отношение к необычным вопросам.
2. Уважительное отношение к необычным идеям.
3. Показать детям, что их идеи имеют ценность.
4. Предоставлять удобные случаи для самостоятельного обучения и хвалить за это.
5. Предоставлять время для неопениваемой практики или обучения.

Последний принцип требует объяснения. Внешняя оценка создает угрозу и, возможно, потребность в обороне. Поэтому детям необходим какой-то промежуток времени, в течение которого они не оцениваются. Таким образом не сдерживается свобода формирования идей. Если рассматривать творчество с точки зрения новизны и оригинальности решаемых задач, то можно выделить творчество творческое (продуктивное) и воспроизводящее (репродуктивное). Творчество направлено на создание новых идей, его результатом является открытие нового или усовершенствование решения той или иной задачи. В ходе творчества возникают новообразования, касающиеся мотивации, целей, оценок, смыслов внутри самой познавательной деятельности. Необходимо отличать создание объективно нового, т.е. того, что еще никем не было сделано, и субъективно нового, т.е. нового для данного конкретного человека. В качестве препятствий развитию творчества может выступать излишняя критичность, внутренняя цензура, желание найти ответ немедленно, ригидность (стремление пользоваться старыми знаниями) и конформизм (боязнь выделиться и стать смешным для окружающих).

Учитель должен быть хорошим стратегом и вовремя создавать для интеллекта детей посильные трудности. В этом и заключается наша работа: не ликвидировать все преграды на пути ребят к вершине знания, а планомерно создавать их. Это позволит детям не только осознанно владеть школьной программой, но и продвинуться на пути формирования своей личности. Самостоятельные работы, проводимые перед контрольной работой, позволяют выделить типичные ошибки и соответственно наметить план и содержание помощи, оказываемой ученикам.

Уроки – творчества (составления задач):

- 1.составление задачи по готовым чертежам;
- 2.увеличение количества задач за счёт устного изменения условия.

Уроки творчества позволяют активизировать мыслительную деятельность учащихся, развивает умения и навыки более осознанного, практического применения учащимися изученного материала..

В игре раскрывается перед детьми мир, раскрываются творческие способности личности. Без игры нет и не может быть полноценного умственного развития. Игра – это огромное светлое окно, через которое в духовный мир ребёнка вливается живительный поток представлений, понятий об окружающем мире. Игра – это искра, зажигающая огонёк пытливости и любознательности. Игры помогают расширить представление школьников друг о друге, оказывают определённый психотерапевтический эффект (например, при неадекватной самооценке, неблагоприятном статусном положении ребёнка в коллективе сверстников). Игра даёт возможность ребёнку проявить неустраиваемые на уроке способности, личностные качества. Игра произвольно, ненавязчиво учит детей эффективно регулировать собственное поведение и строить адекватные межличностные отношения, превращаясь тем самым в действенное средство социализации детей.

Дидактические игры различают:

По цели обучения обучающие контролирующие воспитывающие обобщающие развивающие

По массовости групповые (коллективные) индивидуальные

По реакции подвижные тихие

По темпу «скоростные» «качественные»

По применяемости в учебном процессе одиночные универсальные

Всякое средство, даже самое совершенное, можно использовать во благо и во вред. И даже благие намерения не обеспечивают полезности применения средств: нужны ещё знания и



умения использовать средство соответствующим образом, чтобы его применение приносило безусловную пользу.

Қашықтан оқыту процесінде заманауи ақпараттық технологияны қолдану

Ернебаева Халила Адилхановна,

Оразбай Алтынай Нурланқызы

Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Жаркент көпсалалы колледжі

Арнайы пәндерінің оқытушылары

Қазіргі әлемде ақпараттық технологиялар адам өмірінің барлық салаларына еніп отыр, ал білім беру де осыдан тыс қалмайды. заманауи ақпараттық технологияларды қолдану және қашықтықтан оқыту қазіргі кезде жаңалық емес. Бүгінгі күні қашықтықтан оқыту білім беру үдерісіне басқа тұрғыдан қарауға мүмкіндік береді. Интернеттің пайда болуымен адамдар желідегі әртүрлі ресурстарға тікелей қол жеткізу мүмкіндігіне ие болды. Мұндай технологиялардың әлеуеті өте жоғары, сондықтан қазіргі кезде адам қызметінің бірде бір саласы ақпараттық технологиясыз жұмыс істемейді. Мұндай технологияларды білім беруде белсенді қолдану қашықтықтан оқытудың орнын анықтады.

Алдымен «қашықтықтан оқыту» деген ұғымға тоқталатын болсам, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық), оффлайн (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы. [1]

Қашықтықтан оқытудың оң және теріс жақтары да бар. Оның басты кемшіліктерінің бірі, бұл практикалық білімнің жеткіліксіздігі. Тәжірибелік оқудың үлкен көлемін қажет ететін мамандықтар бойынша қашықтықтан оқыту өте қиын. Ең заманауи технологиялар да нақты тәжірибені алмастыра алмайды. Алайда, осылай деген күннің өзінде қазіргі қашықтан оқыту жағдайында теориялық білімді беру де жаңа заманауи ақпараттық технологияларды қолдану аса маңызды. Себебі, білім алушының сабаққа деген қызығушылығын арттыру, жаңа технологиямен жұмыс жасауға бағыттау, дамыған заманға сай ақпараттық технологияларды қолданып, үйренуге мол мүмкіндік береді.

Осы негізде мен бүгін, колледж білім алушыларына арнайы пәндерді оқытуда қолданатын заманауи ақпараттық технологиялардың бірнеше түріне тоқталғым келеді. Мен қазіргі таңда «Дәнекерлеу ісі» мамандығы бойынша арнайы пәндерден сабақ берудемін. Теориялық білімді беруде «Learning Apps» сервистік қосымшасы, «Jamboard» интерактивті тақтасы «Popplet» тақтасы және «Genially» сервистік қосымшаларын өз сабағымда қолдандым.

LearningApps көмегімен әр сабақты қызықты форматта өткізуге болады. Мұнда мұғалімдер студенттерді өз бетінше тіркей алады, кіру парольдерін немесе qr-кодты бөлісе



алады, ал студенттер өздерін тіркей алады. Арнайы бағдарламаны жүктеудің қажеті жоқ, сайтқа кіріп, оны онлайн режимінде қолданыңыз. Сонымен қатар ұялы телефоннан кіруге болады.

Платформада интерактивті жаттығулардың 30-дан астам түрі бар, оның 5-і 2-4 адамға арналған ойын түрінде. 1-ден 11-ге дейінгі мектептегі барлық пәндер бойынша сіз дайын жаттығуды таба аласыз немесе тапсырманы өзіңіз жасай аласыз. Бұл «Жұп табу», «Жіктеу», «Хронологиялық билеуші», «Қарапайым тәртіп», «Мәтін енгізу», «Суреттерді сұрыптау», «Бос орындарды толтыру», «Қолдану торы», «Аудио / Бейне мазмұны »,« Кім миллионер болғысы келеді? »,« Ойлан! »,« Кроссворд »,« Картадан ізде », « Әріптерден сөз »,« Эго қайда? ».

LearningApps.org қызметінің мүмкіндіктері

- дайын тапсырмаларды пайдалану (тіркеусіз)
- бар шаблондар негізінде тапсырмалар құру
- QR-код, веб-параққа енгізілетін код түрінде тапсырмаларға мәтіндік сілтемелер алу (тіркеусіз)
- дербес пайдалану үшін компьютерге сақтау
- әлеуметтік желілерде жариялау (тіркеусіз)
- оқушыларды топтық жұмысқа қосу, сабақтарды қалыптастыру, статистиканы қалыптастыру.[2]

Сабақ барысында «Милион кімге бұйырады?» бойынша тапсырмалар құрастырдым.
<https://learningapps.org/17701014>

«Арнайы технология» пәнінен «Блум таксономиясын» қолдану арқылы құрылған сабақ жоспары негізінде әрбір кезең бойынша келесідей тапсырмалар білім алушыларға берілді. Бұл тапсырмалардың ішінде ағылшын тілі пәнімен кіріктірілген сабақ бойыншада тапсырмаларда қарастырылған.

1. <https://learningapps.org/17731296>
2. <https://learningapps.org/17227672>
3. <https://learningapps.org/17219517>
4. <https://learningapps.org/17225591>

Google Jamboard - интерактивті тақтада жұмыс жасау үшін жасалған, сонымен қатар қарапайым компьютерлер мен смартфондарда жұмыс істейді.[3]

Бұл интерактивті тақтаны жаңа сабаққа көпір салу мақсатында қолдануға және сабаққа қажетті презентацияны көрсету барысында қолдануға болады.

Google Jamboard ерекшеліктері:

- Бірлескен жұмыс және нақты уақыттағы өзгерістерді қадағалау;
- Фонды өз бетімізше өзгерту;
- Графикалық планшетті қолдау;
- PNG форматындағы слайдты сақтау;
- Жобаны PDF форматына экспорттауға мүмкіндік береді.

«Popplet» тақтасын қолдану арқылы ментальді карта жасауға, аудио және видеожазбаларды қою арқылы тапсырмалар жасауға мүмкіндік береді. «Popplet» тақтасына тіркелудің оңай әдісі Google аккаунт арқылы. (app.popplet.com/#/p/6346263) Бұл тақтаны сабақта үй тапсырмасын сұрау мақсатында қолдандым.[4]

«Genially» сервистік қосымшасы - дидактикалық ресурстардың барлық түрлерін, презентацияларды, ойындарды, интерактивті суреттерді, карталарды, иллюстрацияланған процестерді, түйіндемелерді және т.б. құрудың бір құралы. Білім берудің барлық деңгейлері мен электронды оқыту үшін өте қолайлы. Сіз онда қарапайым және тез жұмыс істей аласыз, өйткені бұл ресурстарды құруға арналған әр түрлі шаблондарды, интерактивтіліктің үлкен таңдауын ұсынады. Интерактивтілік объектілерге түсініктеме беруге, қалқымалы терезелерді ашуға, слайдтар мен сыртқы ресурстарды жобалауға сілтемелер жасауға мүмкіндік береді. Бұл сервистік қосымша арқылы сабаққа қолданылатын презентациялар арнайы тапсырмаларымызды құрастыруымызға болады. Мен өз сабағымда осы қосымша арқылы презентация және True and False тапсырмаларын құрастыруда қолдандым.[5]



Қорыта айтқанда, қашықтан оқыту процесінде заманауи ақпараттық технологияны қолдану барысында өзін-өзі бағалау жүргізуге мол мүмкіндік бере алатынын байқауға болады. Себебі, жоғарыда аталған сервистік қосымшалардағы тапсырмаларды орындай отырып білім алушы қаншалықты дұрыс жауап бергендігін көре алады. Оқытушының алдын-ала берген бағалау парақшасы арқылы әрбір сервистік қосымшадағы тапсырманы орындай отырып өздеріне бағалау жүргізеді.

Әрбір сабақ оқытушының шығармашылық жұмысы. Сондықтан да әр сабақты білім алушылардың есінде қалатындай етіп түрлендіріп отырған жөн. Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында білім алушылардың білім деңгейін тереңдету, ғылыми тұрғыда дамыту, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу шеберліктерін арттыру, өз беттерімен ізденушіліктерін, ақпараттық құралдарды іздестіру және оны пайдалана білу мақсатында жаңа технология әдістерін тиімді пайдалану ұстаз шеберлігінің белгісі. Қазіргі уақыт бүкіл адамзат қоғамының ғылыми – техникалық үрдіс пен өркениеттің даму кезеңіне бет бұрған уақыт деп есептеймін. Әрбір жаңа сабақта жаңа технологияларды тиімді қолдану білім алушының сабаққа деген ынтасын арттырады сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.
2. <https://teachbase.ru/obuchenie/kak-sozdavat-zadaniya-v-servise-learningapps>
3. <https://startpack.ru/application/google-jamboard>
4. <https://sites.google.com/site/radiosyktsu/virtualnye-doski-dla-gruppovo>
5. <https://sites.google.com/view/mastergenial>

Қазақстандағы білім жүйесі

Әшімхан Адина

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

журналистика мамандығы 3 курс студенті

Білім - қазіргі адам өміріне ерекше әрі шешуші әсер ететін фактор. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі жоғары деңгейде қалыптасқан. Қазақстан Республикасында да білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер болып жатыр. Жеке оқу орындары пайда болды, лицейлер, гимназиялар, колледждер білім беру мекемелерінің жаңа түрлері қолданысқа ене бастады. Білім беру жүйесі уақыт өте келе қоғамның дамуына, оның ішінде саяси және әлеуметтік-мәдени процестерге тікелей әсер ете алатындығын дәлелдеді.

Білім - бұл өзіндік құрылымы бар әлеуметтік ішкі жүйе. Өткен онжылдықта Қазақстанның білім беру жүйесінде бірқатар бағыттар бойынша прогрессивті құрылымдық және функционалдық өзгерістер болды. Қазақстандық білім беру жүйесі тәуелсіздік жылдары жеделдетілген жаңғырту стратегиясының табысқа жету жолына бағытталды.

Қазіргі заманғы елдердегі білім - бұл жеке тұлғаны әлеуметтендіруде, оны белгілі бір әлеуметтік мәртебе алуға дайындауда және тиісті рөлдерді орындауда, әлеуметтік жүйелерді тұрақтандыруда, интеграциялауда және жетілдіруде маңызды рөл атқаратын қоғам мүшелерінің білімі мен дағдыларын үздіксіз жетілдірудің өте кең дамыған, сараланған көп деңгейлі әлеуметтік жүйесі.

Бүгінде барлық мамандар ТМД-ның бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру қажеттілігін көтеруде. Ол білім беруді дамытудың және оны жаңа сапа деңгейіне шығарудың



шарты ретінде ғана емес, достастықтағы мемлекеттер арасындағы қатынастардың барлық нысандарын кеңейту мен тереңдетудің кепілі ретінде де мойындайды.

Білім қазіргі адамның мәдени генезисіне шешуші әсер етеді. Оның Қазақстандағы ауқымы айтарлықтай кең. Республиканың дамуы тәуелсіздік алғаннан кейін үздіксіз білім беру тұжырымдамасын іске асыруға кірісті. Бұл дегеніміз - шын мәнінде бүкіл халық оқытудың қандай да бір түрлерімен қамтылып, білім алатын болады.

Сонымен бірге, өркениет білім беру жүйесінде дағдарысты бастан кешуде. Адамзат мәдениетінің әлеуеті, қоғам мен бұқаралық мәдениеттің жетістіктері арасындағы сәйкессіздік қалыптасып, тереңдеп келеді. Оқыту адам өмірінің ұзақ кезеңдерін қамтиды, оның өнімді, шығармашылық жылдарын сіңіреді. Біліктілігі орта деңгейдегі мамандыққа үміткер жас адам кемінде он үш жыл оқуы тиіс, ал біліктілігі жоғары кәсіп үшін оқу мерзімі жиырма жылға жетеді.

Қазіргі уақытта білім берудің беделі артты, бірақ кейбір сәттерде "диплом алу" мотивінің жағымсыз құбылыстары, протекционизмнің бұрыс түрлері, адам құқықтары мен оның қадір-қасиетіне нұқсан келетін сәттердің болып тұратыны сөзсіз. Білім берудің әлеуметтанулық мәселелері жалпы қоғамның мүдделеріне ғана емес, сонымен бірге әр отбасының мұрат-мақсатына да тікелей қатысты.

Білім беру жүйесі бірқатар буындарды қамтиды: мектепке дейінгі тәрбие жүйесі, Жалпы білім беретін мектеп, кәсіптік-техникалық білім, орта арнаулы білім, жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау жүйесі, қызығушылықтары бойынша білім беру.

Статистика агенттігінің жүргізген мониторинг қорытындысы бойынша мемлекетіміздегі адам санының 4,5 миллионнан астамы жастардың үлесінде. Бұл дегеніміз жалпы халықтың 30 пайызы жастар деген сөз. Ендеше, еліміздің ертеңгі болашағы жастардың бүгіннен бастап, қандай тәрбие алуы мен отансүйгіштік қасиеттің дамуы аса маңызды. Ең әуелі жастар бойында рухани-адамгершілік, саяси интеллектуалдық, құқықтық тәрбие басым болғаны жөн. Қазіргі заман талабына сай білім беру - бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени дамуының жоғары деңгейлік және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз үрдісі екендігі белгілі. Сондықтан еліміздегі ұлттық қоғамды кемелдендіру ел болашағы - жас ұрпақты жаңа инновациялық әдісте рухтық тәлім және білім негіздерімен қаруландырып, қалыптастыру қажет. Ал енді жоғарыда айтылған оқытудың педагогикалық технологияларын оқу-тәрбие процесіне біртіндеп енгізетін болсақ, онда білім сапасын арттыруға, оқушылардың дамуына бақылау жасауға, оған сәйкес бағалауға, басқару тиімділігін жетілдіруге мүмкіндік болатыны дәлелденіп отыр.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар:

- Жобалау технологиясы;
- Саралап даралап оқыту;
- Дамыта оқыту технологиясы;
- Модульдік оқыту технологиясы;
- Сын тұрғысынан ойлауды дамыту;
- Сатылай комплексті талдау;
- VTS бағдарламасы;

Инновациялық технология – білім сапасын арттыру кепілі. Инновациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуы дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Қорытындысында білім беру – адамға үздіксіз оқуға, білім алуға жан-жақты білім қызметін ұсынатын әлеуметтік институт болуы керек.

«Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге



шығу». Н.Назарбаевтың «Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман» деген сөзі дәл бүгінгі таңда барша қазақстандықтар үшін өзінің өзектілігін сезіндіруде.

Қазір коронавируc индетінің тарап, эпидахуалдың шарықтауына байланысты пандемия уақытында оқушылар мен студенттер дәстүрлі формадағы оқудан, онлайн форматқа ауысты. Қашықтан білім алудың өз алдына кемшіліктері мен артықшылықтар бар. Алдымен, осы мәселені қарастырып көрейік.

Онлайн оқытудың артықшылықтары

Алдымен оның ерекшеліктерін түсіну керек. Біріншіден, бәлем алушы кез – келген жерде - үйде, әуежайда, табиғатта және т.б. жерде отырып, таным көкжиегін арттыра бере алады. Бұл - өте жақсы, себебі географиялық принцип бойынша еш байланыс жоқ. Онлайн оқыту - көбі көшіп-қонып, жұмыс, мансап бабымен қалаларды жиі өзгертетін отбасы мүшелері үшін таптырмас мүмкіндік.

Интернеттегі оқытудың кемшіліктері

Алайда, бұлардың артында үлкен кемшіліктер жатыр. Мысалы, табиғатта немесе үйде өзіңізді сабаққа қажетті атмосфераға бейімдеу қиын болады. Бұған көптеген алаңдаушылықтар ықпал етеді. Кейбіреулер үшін бұл, әрине, қиындық туғызбайды, әсіресе өзін-өзі тәрбиелеудің қажетті деңгейіне ие адамдар үшін маңызды емес. Бірақ көптеген адамдар бір уақытта сабақ оқып, интернеттен ақпарат іздей алмайды.

Қазіргі уақытта көптеген жоғары оқу орындары жеке онлайн оқыту бағдарламаларын ұсынады. Қашықтан білім берудің ерекшелігі адамдарға өмір бойы армандаған немесе олар үшін өмірлік маңызы бар мамандықты таңдауға мүмкіндік береді. Курстық жұмыстар мен бақылау жұмыстарын тапсыру әр оқушы үшін ыңғайлы уақытта онлайн режимінде орындалады. Студентке қажет жалғыз нәрсе - мұғаліммен жұмысты тапсыру туралы алдын-ала келісу. Осылайша оқыту белгілі бір пәнге қатысты әдебиеттер мен ақпаратты тәуелсіз зерттеуді қамтиды. Практикалық сабақтар мен консультациялар айына бірнеше рет өткізіледі. Қажет болған жағдайда мұғалім жиі кеңес бере алады.

Қорыта айтқанда, оқытудың жаңа ақпараттық технологияларды тұлғада жекелеген пәндік білімдерді қалыптастыруға бейім. Сондықтан болашақта бұл мүмкіндіктерді білім беру процесінде пайдаланудың маңызы зор.

Қашықтықтан оқытудың тиімділігі

Майлыбаев Мурат Абдыманапович

Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Жаркент көпсалал колледжі

Өндірістік оқыту шебері

Білім беру жүйесін жан-жақты ақпараттандырып, қашықтан оқытудың алғы шарттары Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасында айқын көрсетілген. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциалын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет. Осыған орай, мектептер мен жоғары оқу орындары жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасуы қажет.

Соңғы уақыттарда орын алған эпидемиялогиялық ахуалға байланысты тек біздің мемлекет ғана емес, бүкіл әлем қашықтан білім беру жүйесіне көшкені баршаға мәлім. Бастапқыда баршамыз абдырап, біраз сарсаңға салынғанымызбен, уақыт өте келе бұл жүйеге де үйреніп, онлайн жұмысқа жаймен төселе бастадық.

Иә, алғашқы уақыттары тек оқушылар ғана емес, оқытушыларға да жаппай жаңа жүйеге көшу оңай бола қоймады. Әйткенмен қашықтан оқудың да тиімі тұстары жетіп артылады.



Мәселен, қашықтан оқу балаларға білім алу ортасына толықтай енуіне мүмкіндік береді – сабақты оқып тындау, берілген тапсырмаларды орындау, мұғалімдермен кеңесу, сондай-ақ сыныптастарымен желі арқылы байланысқа шығу.

«Қашықтан оқыту» дегеніміздің өзі жалпы білім беруші мен білім алушының арасында қашықтық бар екенін білдіреді. Бұл ОНЛАЙН режимінен мүлде бөлек. Онлайн жүйеде оқытушы мен оқушы дәл сабақ уақытында интернет желісіндегі тиісті платформа арқылы тікелей байланысқа шыға отырып, уақытылы сабақ өтіліп, кері байланыс орнатылады.

Жалпы жеке басыма қашықтан оқыту ұнады. Өйткені, жасыма қарамастан білмейтіндерімнің көп екенін түсіне отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды тереңінен қолдана отырып, ZOOM платформасымен сабақ, сынып жиналыстарын өткізіп, WhatsApp мессенжері арқылы пікір алмасып, кері байланыс жасап жүрміз. Заман ағымынан қалмай жас өскіндермен қатар білімнің жаңа қырларын меңгеріп, көшке ілесіп келеміз.

Қашықтық болсын, дәстүрлі оқыту жүйесі болсын, әрқашан ізденіс үстінде болып, заманмен бірге жаңарып отырғанды жөн көремін.

Проблемалық оқыту технологиясы арқылы бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары.



Микибаева Асем Каирбековна

«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 17 жалпы білім беретін мектебі» КММ Бастауыш сынып мұғалімі

«Жастарға сапалы білім берумен қатар, сол білімін қоғамдық- әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне баса көңіл аудару керек»

Н. Назарбаев

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болу үшін бұл аса маңызды» деп атап көрсетті. [1]

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүние танымы қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше.

Тәрбиенің сан –саласы, күрделі мәселелеріне терең бойлауға, күнделікті тұрмыста кездесетін дағдылар арқылы баланың жан дүниесіне әсер ететін білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы – бастауыш сынып. Олай болса, бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту, баланың бойында алған білімін өмірде қолдана білуге ерте кезден, балдырған кезінен дайындау деген сөз. [2]

Қазіргі таңда оқушылардың ойлау қабілеттерін арттырып, шығармашылықтарын дамыту жұмыстары басты назарға алынып, олардың алған білімдерін өмірдің кез-келген жағдайында тиімді қолдана білу дағдысын қалыптастыру- негізгі міндеттердің бірі болып отыр. Осы орайда



әрбір мұғалімнің алдына қойылып отырған басты міндет - оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды сабаққа ендіру.

Қазіргі таңда оқу үрдісінде сан-алуан жаңа әдіс тәсілдер сапалы білім беруде үлкен рөл атқарады. Өз тәжірибемде «сын тұрғысынан ойлау», «проблемалық оқыту» технологиялары мен «диалогті оқыту» әдісін сабақ барысында оқушыларға сапалы және терең білім беру мақсатында кеңінен қолданылып келемін.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда проблемалық оқыту технологиясының тиімділігі зор. Проблемалық оқытудың мәні проблемалық ситуация туғызу мен оқушылардың оқу проблемасын дербес шешулері бойынша іс-әрекеттерін басқару болып табылатын оқыту түрі. Проблема деп шешілуі оқушылардан білім алу үшін белгілі әрекеттерді талап ететін есептердің, тапсырмаларын, теориялық немесе тәжірибелік мәселелердің әртүрлілігін түсінуге болады. Мұғалім проблемалық оқытудың барысында оқушы ойына, пікір қайшылықтарына дұрыс бағдар жасай отыра, жауап табу әдістерін үйретеді. Әдетте, оқытудың бұл түрі жаңа оқу материалын түсіндіру кезеңінде қолданылады. Сонымен, проблемалық оқытудың ерекшелігі: оқушыға дайын білім берілмей, одан проблемаларды ізденіс арқылы шешу талап етіледі.

Проблемалық оқытудың тиімділігі

- оқушылар бейтаныс, белгілі емес, мәселелерді өз беттерінше шешуге жұмылады;
- оқушылардың шығармашылық ойлауы дамиды, инеллектуалдық таным үрдісі жетіледі;
- оқушылар ғылыми ізденіспен, зерттеушілікпен айналысады;
- ойлауымен бірге тілдері де дамиды.

Проблемалық оқыту әдісінде оқытушы оқу материалын баяндай отырып, оған байланысты бірнеше сұрақтарды оқушылардың өздерінің шешуіне жағдай жасайды. Қойылған мәселені шешу барысында барлық кедергілер мен қиындықтарды жеңіп шығады, себебі оқушы өз бетімен белсенді жұмыс жасайды. Яғни, проблемаларды оқушылардың өздерінің шешуіне жол ашылады [3].

Есеп шығару кезінде кері есеп құрастыра білуге, ұқсастық, айырмашылықтарын таба білуге баулу математика сабағында проблемалық оқытудың элементтерін пайдалану арқылы жүзеге асады. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың ой өрісін дамытумен бірге сөздік қорын байыту, тілін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Қызықты ойындар бұл сабақтарда белгілі бір орын алады. «Дыбыс таңдау» ойыны арқылы әр сөздің басқы дыбыстары бірдей дыбыстан басталатын сөз тіркестері мен сөйлем құрату. Мысалы, Талғат таңертең тұрып, тауға тартты. Бақыт бүгін бақшаға барды. «Қызық сөздік» ойынында оңынан да солынан да оқысақ бір сөз қазақ, қалақ, қабақ, ара, нан т.б. «Сөз құра», «Өз орнында тап», «Жоғалған буын» т.б. ойын түрлері қолданылады. Бұл ойындардың барлығының мақсаты бір, оқушының ой-өрісін дамыту, кеңейту, ойын дәлелдеу және қорытындылау.

Математика сабағында мына проблемалық жағдаятты қолдануға болады. Тапсырма: **«Екіні үш бестікпен жаз»**. Егер оқушы проблеманы шешудің жолын таба алмаса, мұғалім аталмыш сандарға арифметикалық амалдар қолдануға болатынын айтады. Нәтижесінде оқушы бұл проблеманың шешімін табады және жазады: $2 = (5+5):5$

Тапсырма: **«Төртті үш бестікпен қалай жазуға болады?»**

Шешу: $4 = 5 - (5:5)$

Сонымен, оқытудың маңызды қозғаушы күші бола отырып, проблемалық жағдаяттағы қайшылық оқушылардың танымдық әрекетін белсендіруге ықпал етеді.

Проблемалық оқыту элементтерін пайдалану оқушыларды қойылған мәселені шешу барысында барлық кедергілер мен қиындықтарды жеңіп шығуға, ұқсастық пен айырмашылықты таба білуге, өз бетімен шешім қабылдай алуға үйретеді.

Ұлы неміс педагогы А. Дистерверг: «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді» дегендей, әр мұғалім оқушыларды өздігінен ізденіп, жаңа мағлұматтарды алуға, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыруға, талдау жасауға, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге үйретуі керек. Себебі,



елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл азаматтар қажет.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Ал оны орындау мектеп пен ұстаздардың міндеті. Мектеп ертеңгі білімнің негізін қалап, оқушылардың өздігінен ізденіп, білім алуларына мүмкіндік жасауы тиіс.



Анашым - Жәннәтім!



Анашым күлімдеші, күлімдегін.
Болмасын ешқашан жүзіңде мұң.
Қуанып, күліп-ойнап көз алдымда,
Ауырмай, аман жүрші Жан Анашым.

Арнадым Анашым жырды өзіне,
Жас толмасың ешқашан нұр көзіңе.
Сіздей адам тапаспын мың іздесем,
Өмірімнің кірпіштерін қалатқан.

Мен ауырсам сіз қиналдыныз қаттырақ,
Бәйек болдыныз жазылғанша шапқылап.
Асыл анам - Жәннатім жүрегімнің,
Мен сізді жақсы көрем сондай қатты!

Авторы: Сатпаева Зарина Рашитовна
Владимир Савва атындағы ЖББМ-лицейінің
11 сынып оқушысы



Требования к содержанию и оформлению

Авторские права.

Высылая материалы, автор гарантирует, что

- по данной работе у автора нет обязательств перед третьими лицами, препятствующими размещению материалов;

- отправляя материал для публикации в журнале, Вы подтверждаете, что права на нее принадлежат Вам, и если возникнут проблемы с соблюдением авторских прав, то обязуетесь разрешать их самостоятельно;

Требования к содержанию и оформлению статей:

1. В структуру статьи должны входить: заглавие статьи; ФИО автора/ов; занимаемая должность; название учреждения; город/район; текст статьи; список литературы, который должен содержать лишь цитируемые в тексте работы.

2. Заглавие статьи должно быть информативным, лаконичным.

3. Статья предоставляется в редакцию журнала в электронном виде.

4. Объем статьи не должен превышать **4 страниц** формата А4, страницы должны быть целиком заполнены текстом. Шрифт 14 Times New Roman, интервал – 1,0. Поля: слева, справа, сверху, снизу – 2 см, включая таблицы, схемы, рисунки и список литературы.

5. Все формулы должны набираться в «Редакторе формул» в текстовом редакторе Word.

6. Все графики и диаграммы и прочие выстраиваемые объекты должны быть снабжены числовыми данными, обеспечивающими при необходимости их (графиков, диаграмм) достоверное воспроизведение, размер шрифта-12 пт.

7. Табличные сноски располагаются под таблицей.

8. Список литературы оформляется в конце статьи.

9. Статья сопровождается краткими аннотациями (5-7 предложений), содержащими информацию о тематике и проблематике статьи, цели ее написания.

10. Ответственность за содержание статьи несут авторы.

11. Редакционная коллегия оставляет за собой право публикации или отклонения статьи.

12. Материалы авторам не возвращаются.

13. Статьи, оформленные с нарушением требований, к регистрации не принимаются.

14. Фото не помещать в текст (сохранять отдельно в формате JPG с нумерацией от №1, №2). В тексте статьи указывать номер фото, выделяя жирным шрифтом.

15. В отдельном от статьи файле (Заявка) указываются сведения об авторе: ФИО, учёная степень, учёное звание, занимаемая должность, название учреждения, домашний адрес, контактные телефоны, e-mail.

16. Можно приложить качественную фотографию автора (в электронном виде).

17. Редакционная коллегия имеет право вернуть на доработку автору материалы при невыполнении предъявляемых требований, наличии орфографических, грамматических и стилистических ошибок, отрицательной рецензии.

18. Статья обязана сопровождаться Рецензией, с подписью автора и печатью учреждения, в которой работает рецензент (авторами рецензии могут быть, руководители МО, методисты, ППС института или вуза)

19. Материалы представляются на казахском или русском языках на электронный адрес **ziat.journal@mail.ru**

Требования к содержанию и оформлению методической разработки:

1. Представляемый материал (методическая разработка, конспекты) должен являться оригиналом, неопубликованным ранее в других печатных изданиях.

2. Первая страница должна содержать следующую информацию: заглавие, фамилию, имя автора, место работы (наименование организации) автора, далее следует текст.

3. В конце метод.разработки должен быть приведен список использованной литературы.

4. Материалы представляются на казахском или русском языках на электронный адрес ziat.journal@mail.ru в формате «Microsoft Word».

5. Объем текста не должен превышать **4 страниц** формата А4. Набор текста должен быть осуществлен с учетом соблюдения общепринятых стандартов (абзацные отступы, «одинарный» межстрочный интервал и тп.), тип шрифта «Times New Roman», шрифт 14, интервал – 1,0. Поля: слева, справа, сверху, снизу – 2 см.

6. Ответственность за содержание материала несут авторы.

7. Методические разработки, оформленные без соблюдения данных требований не принимаются к публикации.

8. При наличии редакционных замечаний материал так же возвращается автору на доработку.



Мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар

Авторлық құқық.

материалды ұсынғанда, автор кепілдік береді

- осы жұмыс бойынша авторда материалдарды орналастыруға кедергі келтіретін үшінші тұлғалардың алдында міндеттемелер жоқ;

- журналға материалды жариялауға жібере отырып, сіз оған деген құқық Сізге тиесілі екенін растайсыз, егер авторлық құқықты сақтауда проблемалар туындаса, оларды өз бетінше шешуге міндеттенесіз;

Мақалалардың мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар:

1. Мақала құрылымына: мақаланың атауы; автордың аты-жөні; атқаратын қызметі; мекеменің атауы; қала/аудан; мақала мәтіні; тек жұмыс мәтінінде дәйексөз келтірілетін әдебиеттер тізімі кіреді.

2. Мақаланың тақырыбы ақпаратқа толы, жинақы болуы керек.

3. Мақала журнал редакциясына электронды түрде ұсынылады.

4. Мақала көлемі А4 форматындағы 4 беттен аспауы тиіс, беттер толық мәтінмен толтырылуы тиіс. Қаріп 14 Times New Roman, интервал – 1,0. Өрістер: сол, оң, жоғарғы, төменгі – 2 см, кестелерді, сызбаларды, суреттерді және әдебиеттер тізімін қоса алғанда.

5. Барлық формулалар Word мәтіндік редакторында "Формулалар редакторында" терілуі тиіс.

6. Барлық кестелер мен диаграммалар және өзге де құрылатын объектілер сандық деректермен жабдықталуы тиіс, қаріп мөлшері-12 пт.

7. Кестелік сілтемелер кестенің астына орналастырылады.

8. Әдебиеттер тізімі мақала соңында ресімделеді

9. Мақала тақырыбы мен мәселесі, оны жазу мақсаты туралы ақпаратты қамтитын қысқаша аннотациялармен (5-7 сөйлем) сүйемелденеді.

10. Мақала мазмұнына авторлар жауап береді.

12. Редакциялық алқа мақалаларды жариялау немесе қабылдамау құқығын өзіне қалдырады.

12. Материалдар авторларға қайтарылмайды.

13. Талаптар сай келмейтін мақалалар тіркеуге қабылданбайды.

14. Суретті мәтінге орналастырмау (№1, №2 нөмірленген JPG форматында жеке сақтау). Мақала мәтінінде Фото нөмірін жазып көрсеті қажет.

15. Мақаладан бөлек файлда (өтінім) автор туралы мәліметтер көрсетіледі: аты-жөні, оқу дәрежесі, оқу атағы, атқаратын қызметі, мекеменің атауы, мекен-жайы, байланыс телефондары, e-mail.

16. Автордың сапалы суретін (электронды түрде) қоса беруге болады.

17. Редакциялық алқа қойылатын талаптар орындалмаған, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателер, теріс рецензиялар болған кезде материалдарды авторға толықтыруға, өзгертуге қайтаруға құқылы.

18. Мақалаға рецензия жазылуы керек, онда рецензия жазған автордың қолы және рецензент жұмыс істейтін мекеменің мөрі қойылуы қажет (рецензияның авторлары ӘБ жетекшілері, әдіскерлер, институттың немесе ЖОО-ның профессор-оқытушылар құрамы болуы мүмкін).

19. Материалдар қазақ немесе орыс тілдерінде электронды мекен-жайға ұсынылады **ziat.journal@mail.ru**

Әдістемелік әзірлемелердің мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар:

1. Ұсынылатын материал (әдістемелік әзірleme, конспектілер) бұрын басқа баспа басылымдарында жарияланбаған болуы тиіс.

2. Бірінші бетте мынадай ақпарат болуы тиіс: материал тақырыбы, тегі, аты, жұмыс орны (ұйымның атауы), әрі қарай мәтін жазылады.

3. Соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі келтірілуі тиіс.

4. Материалдар қазақ немесе орыс тілдерінде "Microsoft Word" форматында электронды мекен-жайға ұсынылады **ziat.journal@mail.ru**.

5. Мәтін көлемі А4 форматындағы 4 беттен аспауы тиіс. Мәтін терімі жалпы қабылданған стандарттарды (абзацтық шегіністер, жоларалық "бір" интервал және т.б) сақтауды есепке ала отырып жүзеге асырылуы тиіс.), "Times New Roman" шрифтінің түрі, 14 шрифт, интервал – 1,0.

6. Материалдың мазмұнына авторлар жауапты

7. Осы талаптарды сақтамай ресімделген әдістемелік әзірлемелер жарияланымға қабылданбайды.

8. Орталық қойылатын талаптар орындалмаған жағдайда, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателер, болған кезде материалдарды авторға толықтыруға, өзгертуге қайтаруға құқылы.